



ЖЕТИСУ ШҰҒЫЛАСЫ

№№26-27
(8914-8915)

жұма 1 шілде
2022 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

Қасым-Жомарт Тоқаев:

«БІЗ КӨЗДЕГЕН МАҚСАТЫМЫЗҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҮШІН БАР КҮШІМІЗДІ САЛУҒА ДАЙЫНБЫЗ»

КҮЛТӨБЕ

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде қонақжайлық көрсеткені және саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Сердар Бердімұхамедовке ризашылығын білдіре отырып, осы маңызды кездесудің офлайн өткізілуі дер кезінде және дұрыс болғанын айтты, деп хабарлайды akorda.kz

– Ақтау тарихи саммитінен бері төрт жыл өтті. Осы уақыт ішінде әлем түбегейлі өзгерістерді бастан өткерді. Коронавирус пандемиясы, геосаяси шиеленістің күшеюі және басқа да сын-қатерлер Каспий аймағындағы тұрақтылық пен орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін күш жұмылдырудың аса маңызды екенін талап етіп отыр. Бұрын-соңды болмаған «жаһандық дауыл» жағдайында Каспий теңізінің геосаяси тұрғыдан орналасуына, бай табиғи ресурстарына, сондай-ақ оңтайлы транзиттік әлеуетіне байланысты оның маңызы арта түседі. Ақтау саммиті Каспий маңы мемлекеттерінің күрделі әрі түйткілді мәселелерді бейбіт жолмен, тату көршілік және достық рухында шеше алатынын бүкіл әлемдік қоғамдастыққа танытты. Көп жылғы келіссөздерден кейін бесжақты ықпалдастықты кешенді түрде нығайтудың берік құқықтық негізін қалыптастырған Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылғаны – соның айқын дәлелі, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Каспий – пайдалы ресурстардың мол қоры ғана емес,




сондай-ақ шексіз мүмкіндіктерге жол ашатын теңіз. Мемлекет басшысы Каспий маңы елдерінің әлеуетін толыққанды пайдалану мақсатымен ынтымақтастықты одан әрі нығайтудың перспективті жолдарын белгілеп берді.

– Біздің бүгінгі басты міндетіміз – Конвенцияның тезірек күшіне енуін қамтамасыз ету. Төрт жыл бойы осы мәселеге қатысты өзара тиімді шешімдерді іздеу жөнінде ауқымды жұмыстар жүргізіліп келеді. Бұл мәселелер тікелей ұлттық мүддеге байланысты болғандықтан, тараптардың ұстанымдарына түсіністікпен қараймыз. Біз көздеген мақсатымызға қол жеткізу үшін бар күшімізді салуға дайынбыз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев дәстүрлі логистикалық желілердің үзілуі жағдайында өзара көлік қатынасы мемлекеттер арасындағы экономикалық байланыстардың орнықты дамуының және нығаюының маңызды факторына айналады деп санайды. Оның пікірінше, Еуропа, Орталық Азия және Қытай арасындағы транзиттік қатынастар легін қамтамасыз ету үшін Транскаспий халықаралық көлік бағытының рөлі айтарлықтай артты.

– Биылғы бес айдың қорытындысы бойынша аталған бағыттағы қазақстандық жүк тасымалының көлемі 2,5 есе өсті. Ал Каспий маңы елдерімен арадағы жалпы тауар айналымы 9 пайыздан астам артты. Теңіз арқылы өтетін жүк легінің көлемін ұлғайту мақсатымен оның айлақтарындағы инфрақұрылымды жаңғыртуға және теңіз флотын кеңейтуге кірістік.



В ПРИОРИТЕТЕ РАЗВИТИЯ АПК ЖЕТИСУ - ПЕРЕРАБОТКА СЕЛЬХОЗПРОДУКЦИИ

Одной из главных задач АПК области Жетісу является сельхозпереработка. В этой связи значительный вклад в экономику области вносит Ескельдинский район. Здесь в основном выращивают зерновые, масличные и кормовые культуры, картофель, сахарную свеклу и другие овощи, при этом площади посева сладкого корня составляют 1,8 тыс. га или 29% от областного показателя. Несмотря на имеющиеся возможности в районе не на должном уровне развита переработка сельхозпродукции. С проводимой в этом направлении работой и перспективами ознакомился сегодня аким области Бейбит Исабаев в ходе рабочей поездки в район, сообщает пресс-служба акима области Жетісу.



летний период жирность составляет 4%, а в зимний доходит до 5%. Сейчас завершается строительство еще одной молочно-товарной фермы, вложено свыше 350 млн. тенге собственных средств, внедрена современная система молокодоения. На сегодня уже 102 первотелки находятся на территории МТФ, до осени число поголовья возрастет до 205. На полную мощность предприятие планирует выйти к декабрю.


Будет создано 22 рабочих места. Как отметил Бейбит Исабаев, имея такой опыт в сфере сельского хозяйства, КТ «Хильниченко» могло бы внести существенный вклад и в развитие садоводства. – Крупному инвестору, который привезет с собой современные технологии, нужны такие знающие люди, профессионалы своего дела, которые умеют работать с землей.

Ваши знания в сфере сельского хозяйства, накопленный годами практический опыт бесценны. Природно-климатические условия в данном районе благоволят к развитию садоводства. Поэтому необходимо двигаться в этом направлении и в последующем запустить полный цикл производства, включающий переработку. А это налоговые поступления в бюджет, новые постоянные рабочие места, – сказал Б. Исабаев.

В свою очередь А. Хильниченко отметил, что предприятие готово сотрудничать: «Сейчас мы пробуем свои силы в интенсивном садоводстве. Высадили 1800 саженцев. Это 5 сортов яблок, 2 сорта груш, абрикос и черешню.нас интересует эта отрасль и мы хотели бы ее развивать. Поэтому рассмотрим все предложения».

Существенный вклад в подготовку специалистов для АПК региона вносит Коксуский сельскохозяйственный колледж, который готовит профессиональных техников, электриков, технологов, механиков, операторов сахарного производства и других специалистов. Учебное заведение сотрудничает с порядка 20 предприятиями области. Благодаря чему процент трудоустройства студентов по итогам прошлого года составил 87%. Этот показатель говорит сам за себя, а также отражает эффективность использования возможностей цифрового обучения. Благодаря внедрению в учебный процесс современных технологий выпускники колледжа отличаются конкурентноспособностью и востребованностью. – Радуется, что руководство колледжа,

педагогический состав одной из главных целей своей работы считает трудоустройство своих студентов. Если практически 90 процентов выпускников после окончания колледжа получают постоянную работу, это действительно серьезный результат. При этом очень важно образовательным учреждениям быстро адаптироваться к спросу на рынке труда, в том числе по обучаемым специальностям. Нужно уметь при необходимости перепрофилироваться и обучать тем специальностям, которые нужны здесь и сейчас. Не нужно держаться за те специальности, которые не востребованы. Полезно открыть и краткосрочные курсы. Тогда и процент трудоустройства выпускников будет расти.



ВНИМАНИЕ!

Редакция қызметкерлерінің кезекті демалысқа шығуына байланысты шілде айының 1, 15 және 29 күндері шығады.

«Жетісу шұғыласы» газетінің редакциясы ***

В связи с выходом сотрудников редакции в отпуск в июле месяце газета выйдет 1, 15 и 29 июля.

Редакция газеты «Жетісу шұғыласы»

KULTÖBE

Басы 1-бетте

Қасым-Жомарт Тоқаев:

«БІЗ КӨЗДЕГЕН МАҚСАТЫМЫЗҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҮШІН БАР КҮШІМІЗДІ САЛУҒА ДАЙЫНБЫЗ»

Продолжение.
Начало на стр.

В ПРИОРИТЕТЕ РАЗВИТИЯ АПК ЖЕТИСУ – ПЕРЕРАБОТКА СЕЛЬХОЗПРОДУКЦИИ

С такой хорошей, современной материально-технической базой у вас есть все возможности, со своей стороны мы будем продолжать оказывать поддержку, - сказал аким области Жетісу.

Несмотря на общее снижение высокие показатели в районе и по сахарной свекле. К примеру, крестьянское хозяйство «Дюсенбинов А. К.», которое сегодня поселил аким области, в прошлом году с 400 га получило 25 тыс. тонн урожая.

- Свекла – трудоемкая, затратная культура, но прибыльная. Благодаря ей в сезон обеспечиваем рабочими местами 100 человек, осуществляем выплаты за приобретенную в лизинг сельхозтехнику. Кроме сахарной свеклы выращиваем пшеницу, сою, разводим скот. Получаем субсидии. Готовы вложить средства в строительство молочно-товарной фермы на 200 голов, включая переработку. Тем более что кормовая база у нас своя. Проблема только с поливной водой. Пока благодаря водообороту держимся, - отметил руководитель Айдын Дюсенбинов.

Как оказалось проблема в работе подрядной организации, которая проводит ремонт канала Шымыр, обеспечивающего водой 2105 га поливных земель района. ТОО «Монолит» отстает по графику и в работе по благоустройству парка «Жеңіс», а также по строительству инженерной инфраструктуры и благоустройству достроенного многоэтажного жилого дома в с. Карабулак. Сейчас ведутся судебные разбирательства.

Напротив точно по графику и качественно завершило строительство пятиэтажного 60-ти квартирного дома ТОО «Компания Строй Индустрия», начав рядом строительство еще одного. Также успешно осуществляет капитальный ремонт детского сада ТОО «Шах құрылыс компаниясы»,

на сегодня работы завершены на 50%. Сдача объекта запланирована на сентябрь.

В районе немало пустующих зданий 60-х годов постройки, которые районные власти просят восстановить и использовать в качестве жилья для молодых специалистов в одном из них предлагается открыть детский коррекционный центр. Среди них здания учебного корпуса, общежития бывшего интерната, средней школы.

Осмотрев все здания, Бейбит Исабаев отметил: - Невооруженным взглядом видно, что некоторые из зданий не подлежат восстановлению, легче построить новые. Но некоторые в отличном состоянии. В любом случае нужно провести качественную экспертизу, только потом примем окончательное решение. Нужно рассуждать с точки зрения экономической и социальной. В-третьих, здание должно прослужить еще не менее 30-40 лет, - резюмировал аким области.

Также в рамках рабочей поездки аким области Жетісу ознакомился с ходом газификации района, посетив АГРС в с. Шымыр, которая обеспечивает газоснабжение городов Талдыкорган и Текели, а также Ескельдинского района. На сегодня к газопроводу подключены поселки Карабулак, Сырымбет, а это более 30 тыс. абонентов. В этом году планируется подключить еще 4 села.

Посетил Бейбит Исабаев и Аллею батыров, посвященную 19 Героям Социалистического Труда, при этом в центре установлен памятник дважды Герою Социалистического Труда Нурмолде Алдабергенову.

Рабочую поездку в Ескельдинский район аким области Жетісу продолжил встречей с населением и приемом граждан по личным вопросам.

БЕЙБИТ ИСАБАЕВТЫҢ ТҰРҒЫНДАРМЕН АЛҒАШҚЫ КЕЗДЕСУІ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА ӨТТІ

Бүгін Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев тұрғындармен алғашқы кездесуін Ескелді ауданында өткізді. Қарабулақтағы мәдениет үйінде өткен жиында облыс басшысы көпшілікті өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуынан қысқаша хабардар етіп, аудан басшылығының алдына нақты міндеттер қойды. Кездесуде тұрғындар негізінен ауыз су мен арық жүйесін жүргізу, газдандыру, әлеуметтік нысандарды жөндеу мен салу, жайылымдық жер мәселелерін көтерді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Бейбіт Исабаев Ел Президенті облыс басшылығының алдына азаматтардың тұрмыс жағдайын, әл-ауқатын арттыруға қатысты проблемаларды шешу мен Жетісу облысын әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан одан әрі дамыту міндеттерін қойғанын атап өтті. Сол сияқты Ескелді ауданының экономикасындағы ерекшеліктерге, басымдық беретін бағыттарға тоқталды. Мәселен, аудан қант қызылшанын егуден аймақта 1-ші орында, яғни облыстағы жалпы егістіктің 29%-ын құрайды. Сонымен қатар ауданның картоп шаруашылығын, оның ішінде Чипсы мен Фри өндірісін дамыту әлеуеті зор.

- Алайда ауданда өңдеуші кәсіпорындар жоқ, сыйымдылығы мол заманауи көкөніс сақтау қоймалары және тоңазытқыштары жоқтың қасы. Мал шаруашылығында мал басының саны 50 мыңға жуық болса да, небары 4 бордақылау алаңы және 2 шұжық цехы бар. Жылына орта есеппен 34 мың тонна сүт өндіріледі, 7 тауарлы сүт фермасы бар, бірақ тек 2 мекеме ғана сүт өнімдерін шығарады. Бұл жеткіліксіз, - деді облыс басшысы.

Сол сияқты пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін анықтап, мемлекет меншігіне қайтару жұмыстарына, жаңа инвестиция тартып, өңдеу өнеркәсіптерін ашу, жұмыс орындарын құру, балық және жылқыжай шаруашылықтарына назар аудару, ауыз су, газдандыру, суару желілерін жүргізу сияқты көптеген мәселелерге баса көңіл бөлуі тиіс. «Сыртқы нарыққа бағдарлана отырып, сапалы ауыл

шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін жаңа технологияларды белсенді енгізу керек», - деді Б.Исабаев. Бұған дейін Ескелді ауданында әкімдердің небары бір жыл көлемінде ғана жұмыс істеп кеткенін тілге тиек еткен облыс басшысы алдағы уақытта келесі тағайындалатын әкімнің өз қызметін неғұрлым ұзақ мерзім атқаруына, бастаған жобаларын аяқтауына мүмкіндік берген жөн екенін атап өтті.

Осы жиында жалпы саны 15 тұрғын 40-қа жуық сұрақ қойды. Сауалдардың басым көпшілігі ауыз су мен бақша суаратын арық суына қатысты болды. Осы мәселелерді Көкжазық, Жаңалық, Ақын Сара, Мелькомбинат, Байысов ауылдарының тұрғындары көтерді. Сол сияқты елді мекендерге газ тарту мәселесі де - көпшіліктің мазалайтын тақырыптардың бірі. Жалпы ауданның орталық ауыз су жүйесімен қамтылу деңгейі жоғары болғанымен, 40% желінің тозығы жеткен. Биыл Қарабулак, Ақтұма, Ақешкі, Сырымбет, Алдабергенов, Теректі ауылдарында сумен қамту жүйелерінің құрылысын жүргізу мен қайта жаңғырту қолға алынууда. Тағы екі ауылда осындай құрылыстың құжаттары әзірленуде. Сондай-ақ өзирге аудандағы 3 елді мекенге ғана газ жеткізілген. Өткен жылы 4 ауылға газ тарату желісін салу басталса, биыл тағы 4 ауыл осындай жоспарға енгізіліп, қаржысы қарастырылған. Солардың ішінде тұрғындары сауал қойған Көкжазық, Байысов ауылдары да бар. Сондай-ақ айтылған сауал-өтініштер негізінде облыс әкімінің орынбасары Әлібек Жақанбаевтың жетекшілігімен арнайы комиссия бірнеше ауылдағы

арық жүйесінің кемшіліктері, оны түзету жолдарын қарастыратын болады.

Алдабергенов ауылының тұрғыны Мадияр Аққолтаев ерекше қажеттілігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-ана ретінде балаларды оңалту орталығын ашу туралы ұсыныс білдірген еді. Өтінішке байланысты аудан басшылығының айтуынша, аталған ауылда бос тұрған ескі мектептің ғимаратын пайдалануға болады. Бейбіт Исабаев алдымен ғимараттың жарамды-жарамсыздығы туралы тиісті мамандарға сараптама жасатып, анықтау керектігін айтты. «Балалардың өміріне қауіпсіз болса, онда сол ғимаратты қалпына келтіріп, орталық жасауға болады. Егер қауіп болса, онда басқа жолын қарастыру керек. Балалардың өмірі біз үшін бәрінен қымбат», - деді облыс әкімі.

Шымыр ауылына балабақша және стадион, Жалғызбағаш ауылына мәдениет үйі, Жаңалық, Ешкіөлмес ауылдарына мектеп керек деген ұсыныстарын жеткізген аудан тұрғындарына Бейбіт Исабаев:

- Аудандар бөлінісінде әлеуметтік нысандардың саны қанша, хал-ахуалы қандай, халық санына қарай сұраныс деңгейі қандай, соның бәріне толық түгендеу жүргіземіз. Сол бойынша келесі жылы бірінші кезекте қандай нысандар салынады, алдағы 3-5 жылдағы межеміз қандай, бюджеттің мүмкіндігіне қарай осының бәрін жоспарлап, жұмыс жасайтын боламыз, - деді.

Кездесуден кейін облыс әкімі жеке азаматтар үшін қабылдау өткізді.

елдерімізге ортақ су артериясында экологиялық апатты болдырмау үшін Ресей Федерациясымен бірлесіп жұмыс істеп жатырмыз, - деді Президент.

Бұл мәселе бойынша қолдау көрсеткені үшін Ресей Президентіне алғыс айтқан Мемлекет басшысы өзара күш біріктіре отырып, Жайық өзенінің жағдайын жақсарту бойынша ортақ іс-қимыл жоспарын әзірлеуге шақырды. Одан бөлек Президент ортақ теңіздің экологиялық мәселелері жөнінде айта келе, Каспий итбалықтарының мүшкіл халі туралы да айтты.

- Итбалықтардың қайта-қайта қырылуы үлкен қауіп төндіреді. Каспий итбалығы – жергілікті фаунадағы сұтқоректілердің жалғыз өкілі. Ол бүкіл теңіз аумағын мекен ететін трансшекаралық биоресурс саналады. Былтыр Қазақстан мен Ресей арасында Каспий итбалығының популяциясын сақтау жөніндегі бірлескен іс-қимылдың бес жылдық жоспарына қол қойылды. Бұдан бөлек 1974 жылдан бері Каспийдің солтүстігінде Қазақстан мен Ресейге тиесілі қорық аймақтары бар. Алайда Қызыл кітапқа енген осы бір жануарды сақтау мақсатында қабылданған шаралар әлі де жеткіліксіз. Сондықтан қазір біз қорық аумағын ерекше қорғалатын табиғат аумағы ретінде қайта құру мәселесін қарастырып отырмыз. Каспий маңындағы барлық мемлекетті Қазақстан мен Ресейдің бастамасын қолдауға және оған қосылуға шақырамыз, - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы саммитке қатысушылардың назарын Каспий теңізіндегі биологиялық ресурстарды заңсыз аулауға қарсы күресудің маңызды екеніне аударды. Бұл ретте, Президент биоресурстарды заңсыз аулау, балық өнімдерін тасымалдау, бекіре тұқымдастарды заңсыз сатып алу немесе сату фактілерін атап өтті.

- Каспий қойнауын және оның маңындағы аудандарды иелеру кезінде техногенді апаттар мен табиғи катаклизмдердің үлкен қауіпі барын ескерген жөн. Сондықтан апат салдарының алдын алудың және оларды жоюдың аймақтық механизмін, төтенше жағдай кезінде өзара көмек көрсету жүйесін дамыту маңызды, - деді Президент.

Мемлекет басшысы тығыз мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту және «Каспий бестігінің» талдау құрылымының консорциумын қалыптастыру қажет екенін айтты. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Каспий маңы мемлекеттерінің сыртқы істер министрлері кеңесінің жыл сайынғы отырысын өткізу жөніндегі Владимир Путиннің ұсынысын қолдады.

- Каспий бойынша ынтымақтастықты одан әрі жан-жақты тереңдетуге қатысты бүгінгі айтылған бастамалар сапалы әрі уақытылы орындалатынына сенімдімін. Қазақстан баршамызға ортақ және ата-бабаларымыздан мирас болып қалған берекелі қарт Каспийдің қашанда достықтың, тату көршілік пен өзара тиімді ынтымақтастықтың теңізі болып қалуына мүдделі. Халықтарымыз бен мемлекеттеріміздің әулетенуі және ілгерілеуі үшін өзара ерік-жігер таныта отырып, баршамыз осы ізгі мақсатқа қол жеткізетінімізге сенімдімін, - деді Мемлекет басшысы.

Алтыншы Каспий саммитінде Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Иран Президенті Ибрахим Раиси, Ресей Президенті Владимир Путин сөз сөйледі.

Біз ұйымдастыруға қатысты өзекті мәселелерді бірлесіп, жедел шешуіміз керек. Бұл өзара тиімді әрі бірізділендірілген тарифтерді уақытылы бекітуге, түйткілді мәселелерді реттеуге қатысты. Сонымен қатар Солтүстік – Оңтүстік перспективті дәлізін одан әрі дамыту мәселесіне де ерекше көңіл бөлу керек. Ол үшін Шығыс Азия мен Парсы шығанағы елдері арасындағы ең қысқа бағыт саналатын «Қазақстан – Түрікменстан – Иран» теміржолының мүмкіндігін барынша пайдалануға болады, - деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев аймақтағы азық-түлік қауіпсіздігін күшейту мәселесіне арнайы тоқталды. Президенттің айтуынша, былтыр Қазақстанның Каспий маңы елдерімен арадағы өзара азық-түлік саудасының көлемі шамамен 3,5 миллиард доллар болды. Оның 70 пайызы Ресеймен құрлықтағы бағыт бойынша жүзеге асырылды.

- Қазақстанның Әзербайжанмен арадағы тауар айналымы едәуір, яғни 2,3 есе, Иранмен және Түрікменстанмен 2 есе артқаны байқалады. Бұл жерде біздің жоғары сапалы бидай (шамамен 5 миллион тоннадан астам) мен ұн (1,5 миллион тоннаға жуық) экспортының үлесі зор. Осы ретте 1 миллион тоннадан астам майлы дақылдар шығаруға қорымыз бар. Бұдан бөлек ет-сүт өнімдерінің экспортын арттыру үшін Қазақстанның әлеуеті мол. Мемлекеттеріміздің өзара саудасаттығын күшейту үшін заманауи логистикалық инфрақұрылымды дәйекті түрде дамыту қажет. Сондықтан Каспий маңы азық-түлік хабын құруды ұсынамыз. Бұл шығынды барынша азайта отырып, өзара тауар айналымын арттыруға мүмкіндік береді, - деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Қазақстанда азық-түлік тауарларын қаттау, сақтау және сату бойынша технологиялық тұрғыдан дамыған жүйесі бар заманауи көтерме-тарату орталықтарының құрылысы басталғанын айтты.

- Бұл орталықтар мен Каспий маңы азық-түлік хабы арасындағы жүйелі интеграция шаруалардың, сатып алушылардың, тасымалдаушылардың, сатушылар мен тұтынушылардың тиімді кооперациясына жаңа мүмкіндіктер ашады. Ең бастысы, жеткізілетін барлық өнімнің сатылуына сенімді кепілдік береді, - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Каспий теңізінің экожүйесін сақтау ықпалдастықтың басты бағыттарының бірі екеніне тоқталды. Оның айтуынша, Каспий жағалауының экономикалық дамуы және миллиондаған тұрғындардың әл-ауқаты трансшекаралық суқоймасының табиғи ортасын сақтау міндетімен тығыз байланысты.

- Жер қойнауын белсенді пайдалану және ресурстарды тасымалдау аймақ экологиясына қатер төндіреді. Бұдан бөлек жаһандық жылыну және осыған байланысты климаттың өзгеруі су ресурстарына қауіп төндіріп отыр. Ұзындығы бойынша Еуропада үшінші орында тұрған Орал өзенінің (Қазақстан аумағында Жайық деп аталады) жағдайы сын көтермейтіні осыған дәлел. Өзен суы деңгейінің күрт төмендеуі, биоресурстардың азаюы және жағалаудағы өсімдіктердің деградацияға ұшырауы, сондай-ақ антропогендік ортаның ластануы байқалып отыр. Нәтижесінде соңғы жылдары өзеннің орташа жылдық ағысы үш есе азайды. Бұл уылдырық шашатын жайылма орындардың жағдайына және Каспий теңізінің бірегей балық ресурстарының көбеюіне кері әсер етуде. Біз

АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы (бұдан әрі – атаулы әлеуметтік көмек) Заңның 2-бабының 1-2-тармағына сәйкес жан басына шаққандағы орташа табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедәйлік шегінен аспайтын адамға немесе отбасыға шартсыз немесе шартты ақшалай көмек түрінде беріледі.

Шартсыз ақшалай көмек келесі тұлғаларға көрсетіледі:

Шартсыз ақшалай көмек жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу мүмкіндіктері шектеулі табысы аз адамдарға (отбасыларға) көрсетіледі. Оларға:

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен адамдар; бірінші және екінші топтағы мүгедектер; екі айдан астам мерзімге уақытша еңбекке қабілетсіздік белгіленетін аурулары бар адамдар;

құрамында еңбекке қабілетті адамдары жоқ немесе жалғыз еңбекке қабілетті мүшесі үш жасқа дейінгі балаға, мүгедек балаға, бірінші немесе екінші топтағы мүгедекке, бөгде адамның күтіміне және көмегіне мұқтаж қартқа күтімді жүзеге асыратын табысы аз отбасыларға көрсетіледі.

Шартсыз ақшалай көмек өтініш берген айдан бастап ағымдағы тоқсанға тағайындалады және ай сайын төленеді.

Кім әлеуметтік атаулы көмек ала алмайды?

1) Заңның 2-бабының 6-тармағында көрсетілген, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысудан бас тартқан

адамдарды қоспағанда, отбасына – еңбекке қабілетті мүшесі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысудан бас тартқан күннен бастап алты ай ішінде;

2) бұрын жасалған әлеуметтік келісімшарт бұзылған және (немесе) әлеуметтік келісімшартта көзделген міндеттемелер алушының кінәсінен орындалмаған жағдайда адамға (отбасына) – атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға жүгінер алдындағы алты ай ішінде;

3) атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін көрінеу жалған ақпарат және (немесе) дәйексіз құжаттар ұсынған адамдарға (отбасыларға) ұсынған күнінен бастап алты ай ішінде;

4) учаскелік комиссияның материалдық жағдайын тексеру нәтижелері бойынша дайындалған қорытындысына сәйкес атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж емес адамдарға (отбасыларға) тағайындалмайды. Осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес бұдан бұрын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысудан бас тартқан еңбекке қабілетті отбасы мүшесінің қайтыс болуына немесе әлеуметтік келісімшартта көзделген міндеттемелерді орындамауына, оның ішінде оның кінәсінен бұдан бұрын жасалған әлеуметтік келісімшарттың бұзылуының туындауына, атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін көрінеу жалған ақпарат және (немесе) дәйексіз құжаттар беруіне байланысты отбасы құрамы өзгерген жағдайда отбасы осы Қағидаларға белгіленген алты айлық мерзім өткенге дейін атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға жүгінеді.

К.КУДЬЯРОВ,
Халықты жұмыспен қамту орталығының директоры

OSMS

О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДЕТСКИХ РЕАБИЛИТАЦИОННОГО ЦЕНТРА

Завершает рубрику о детских реабилитационных центрах статья о «Куншуақ». Центр находится на окраине города Талдыкорган, на берегу реки Каратал, в живописном парковом месте.

отделение термотерапии. В Центре трудятся 33 человек, в том числе 1 врач, 11 средних медработников, педагог-психолог, музыкальный руководитель и другие сотрудники.

На сегодня растет число детей с аллергическим фоном, что зачастую приводит к возникновению бронхитов с обструктивным синдромом, который может перейти в бронхиальную астму, что очень опасно. После перенесенного обострения болезни, каждый ребенок нуждается в своевременной реабилитации, которая дает полное восстановление функций внешнего дыхания, благодаря четкому алгоритму наших врачей улучшается общее состояние ребенка. Мы делаем все, чтобы детям было интересно. Они получают не только лечение, но и обучаются новым навыкам, знакомятся друг с другом, – говорит главная медсестра Назгул Ахметкалиева.

К слову, в центре имеются детские и спортивные площадки для волейбольных,

футбольных, баскетбольных игр, а также настольного тенниса.

В свою очередь ребята проходящие курс лечения, отмечают, что здесь ощущение как будто в лагере, очень весело, познавательно, а еще и полезно.

Такие центры очень важны как для детей, так и для родителей. Иногда нужна поддержка со стороны, а опытные специалисты, помогают детям побороть страх, справиться с болезнями и психологическими блоками. На сегодняшний день эти лечебные процедуры в реабилитационных центрах доступны в системе обязательного социального медицинского страхования.

- В Алматинской области сотрудники реабилитационных центров делают, все чтобы дети выходили с пониманием, что они такие же как все. Мы также очень внимательно относимся к качеству оказываемой медицинской помощи, – отметил директор филиала Фонда медицинского страхования по Алматинской области Нурлан Отаргалиев.

BÄREKELDI

МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКАҚЫСЫ ӨСЕДІ



Еліміздегі «ұлттық» статусына ие мәдениет саласындағы ұйым қызметкерлерінің еңбекақысы 75 процентке өседі. Бұл туралы Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаевтың министрлікке бағынысты мекемелердегі ұжымдармен кездесуі барысында белгілі болды. Тиісті жобаны ҚР МСМ әзірлеп, ҚР Үкіметі мақұлдады.

еңбекақысы 1.75 коэффициентімен есептеліп, жалақы есетін болады. Мысалы, 7-10 жылдық еңбек өтілі бар артистер қазір 217 129 теңге алса, 1-шілдеден бастап олардың еңбекақысы 379 977 теңгені құрайды.

- Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы мәдениет саласын дамытуға, атап айтқанда оның қызметкерлері үшін қолайлы жағдай жасауға көп көңіл бөледі. Бұл ретте министрлік тарапынан ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Еңбекақыны көтеру – бұл маңызды бағыттардың бірі ғана. Сонымен қатар, біз бірқатар мәдениет нысандарын қайта жөндеу, материалдық-техникалық базаны жақсарту және қызметкерлердің біліктілігін арттыру мәселелерін қарастырып жатырмыз, – деді Дәурен Абаев.

Алматыға сапары аясында министр Наталия Сац атындағы Мемлекеттік академиялық орыс балалар мен жасөспірімдер театрында да болды, одан бөлек сала сарапшылармен бірқатар кездесу өткізді.

Қазір мәдениет саласында «ұлттық» статусына ие 5 ірі ұйым бар: Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі, Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры, Михаил Лермонтов атындағы ұлттық орыс драма театры, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы. Енді аталған ұйым қызметкерлерінің лауазымдық

ORAI

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ТӨРАҒАСЫ САЙЛАНДЫ



Апта басында Жетісу облыстық мәслихатының хатшысы Гүлнәр Тойлыбаеваның төрағалығымен Жетісу облыстық қоғамдық кеңесінің отырысы өтіп, кеңес мүшелері ұсынысымен ұйымға Ерғазы Қошанбекұлы төраға болып сайланды.

еңбегі үшін», мерекелік медальдармен марапатталған, «Құрмет» Орденінің иегері. Балқаш, Сарқан аудандарының құрметті азаматы.

Сонымен қатар, отырыста қоғамдық кеңестің қызмет бағыттары бойынша комиссияларын құру, төралқа құрамын сайлау, кеңес туралы ережені бекіту, 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын қабылдап тағайындау, құралып, талқыланды. Жиын соңында кеңес мүшелерінің ұсыныс-пікірлері тыңдалып, алдағы атқарылар тірліктер реті айқындалды.

Облыстық мәслихаттың баспасөз қызметі

Ерғазы Қошанбеков 1955 жылы 25-қыркүйекте Алматы облысы Күрті ауданы Қарабек ауылында дүниеге келген. Алматы малдәрігерлік институтын және Д.А.Қонаев атындағы университетті бітірген. Еңбек жолын Балқаш ауданы Балатопар ауылында кеңшар жұмысшылары кооперациясының азық-түлік дүкенінің меңгерушісі болып бастап, әр жылдары «Құйған» кеңшарының кадр жұмысы бөлімінің инспекторы, ферма зоотехнигі, меңгерушісі, «Желтораңғы» кеңшарының бас зоотехнигі, Т.Бокин атындағы кеңшар директоры, Күрті және Балқаш аудандары а у ы л ш а р у а ш ы л ы ғы басқармаларының бастығы, Балқаш ауданы әкімінің бірінші орынбасары және Балқаш ауданының әкімі, сонымен қатар, «Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, Сарқан ауданының әкімі қызметтерін атқарған. «Ерен



SIFRLY QAZAQSTAN

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САНЫ АРТТЫ

Электрондық түрде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің оң динамикасына қол жеткізу мақсатында «Қайнарлы ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істеуде.



Бұл бұрыш барлық қажетті ұйымдастыру техникасымен жабдықталған, сондай-ақ жауапты маман бекітілген. «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарының» жұмысы туралы округ тұрғындары арасында тұрақты

негізде түсіндіру жұмыстары жүргізіледі, сондай-ақ оқыту семинарлары өтті. Бүгінгі күні округ тұрғындарына 250 түрлі электрондық мемлекеттік қызмет көрсетілді. Олардың ішінде: атаулы

әлеуметтік көмек алу, медициналық ұйымға тіркелу, жер учаскесін алу үшін кезекке қою және тағы басқа.

«Қайнарлы ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-сі

ӨМІР ТҰСПАЛЫ



ШҰҒЫМА Намыс пен Ар. Былайғы жұрт бұл екеуін бөліп қарайды. Туыстығына мән берілмейді. Бәлкім олардың қадір-қасиетін ұмытқандықтан болар. Ар мен Намыс. Қаны бір, бірі – аға, бірі – қарындас. Намысты айтпамау, байғұсты аяймын кейде. Жегені таяқ, көргені жұдырық. Басы жарылған, қан жылайды. Жексұрын болып жүр. Кейде ойлаймын осы бейбақ неге өмірге келген? Ол олай ойламайды. Ешкімге қатысы жоқ, негізі қатысы болуы тиіс, бірақ уақыт пен пиғылдың салдарынан керексіз болған дүниелерге басын тығады да жүреді. Үнемі айқайлап, жұртты зәрезап қылады. Мұның ұлы айқайына Құдайын ойлауға мүмкіндігі жоқтар қайдан мән берсін?! Құлағын тығындап алғандай қасынан өте шығады. Көзінің асты көгерген, денесі көк ала торғайдай болған мұны бірінші көрген адам есі ауысқан деп ойлары сөзсіз. Ал Ардың жайы тым бөлек. Әр есікті сығалап жүреді де қояды. Байғұстың соры бес елі екен. Маңдайында бөтенкенің ізі бар. Жаны нәзік, табиғаты әлсіз екеніне қарамай таптаған-ау бәзбірулер. Қайран бауырлар!

Намыспен кеше жолықтым. Өзінің де обалы жоқ. Килікпейтін жерге бас сұғып жүргені. Бірде сот залында, бірде әкімшіліктің алдында, енді бірде прокуратураның табалдырығында. Жарып жүргені шамалы. Бүгінгі көргенім ақырғысы емес. Жол бойында тұр екен, қолында қағаз. «Намысты ойлаңдар, арды ойлаңдар! Жеуді доғарыңдар! Елді ойлаңдар!» деп ұрандайды келіп. Қасымдағы атқамінер миығынан мырс етті. «Осының өзге жұмысы жоқ па?», – дейді иығыннан түртіп. Мен үнсізбін. Кенет зулап келген көлік тоқтады да, еңгезердей біреу түсті. Қолындағы портфелін көлік

ішіне атып ұрды да, Намысқа қарай ұмтылды. «Ұсталдың ба?» дегендей жағасына жармаса кеткені. Әй жоқ, шәй жоқ. Байғұс бар даусымен барқылдап жатыр. «Атаңда бар, шешеңде бар ұят пен обалды ұмыттыңдар. Ұлттың ырыс-несібесін талан-таражға салуды доғарыңдар! Ақымақ елге арамза молда болуды қойыңдар. Адалдық керек, адамдық керек!» Анау болса өзі әбден тозығы шыққан жейдесін жұлмалап, Намыс бейбақтың желкесін үзердей жұлқиды. Намыстың аузын басып тұрып, іштен тепті келіп. Өлсіреп жүрген жанның шыбын даусы да шықпады шырылдаған. Тас тиген шымшық торғайдай сұлап түсіп, жерде аунап жатыр. Өлгі 43 размерлі бөтенкесімен тепкілеп жатыр, тепкілеп жатыр. Үлкен жолдың бойында бірі – жұмысқа, бірі – үйіне асыққан жұрт мұнда мән бермейді. Ағылып өтіп жатыр, өтіп жатыр. Еңгезердей бәле тепкісін қойып,

намыстың үстіне мініп секіруге көшті. Сонадайдан алба-жұлба көйлегін желбіретіп бір бойжеткен жетіп келді де: «Ағажан, аяғызшы, бейбақтың сау жерін қалдырмадыңыз. Бойыңызда титімдей де болса Ар-Намыс деген бар шығар?! Теңтеңімен. Теңіңіз емес қой, әлсіз, жел ұшырар қаңбақтай болған кісіні сонша сабап не керек?» Өлгі еңгезердей кісі томардай қолымен тізесіне жармасқан Ардың шашынан тартып орнынан тұрғызды да, сол қолының шапалағымен самайынан шарт еткізіп ұрып қалды. Уайым мен қайғыға салынып, шөкім етпей болған Ар мына соққыдан әудем жерге ұшып түсті. Өлгі: «Мына жерден енді көрсем, тура өлтіремін! Қараларыңды батырыңдар!» – деді де жөніне кетті. Есін жиған ағалы-қарындасты бір-бірін сүйрелеп кетіп барады көз ұшында. Тінеугүні сот залында көрдім екеуін. Намыстың сол баяғы шикі өкпелігі

қалмаған. Ар отыр зар еңіреп. Ағасының жайына алаңдайды байғұс. Есі ауысқан адамдай мейірімсіз жаңдарға алақан жаяды. Оны елеп, екшеп жатқандар жоқ. Бұл екеуі бұ жақта неғып жүргенін мен де білмеймін. Төрт баласымен әйелін шырылдатып, өзге бойжеткеннің етегіне жармасқан еркектің адамдығын оятпақ шығар? Әлде туа салып, баласын тас жолдың етегіне тастап кеткен он бестегі қыздың арын оятпақ па? Жоқ бәлкім біреудің жалғызынның арын таптап, ит өліммен өлсін деп далаға тастап кеткен дөкей баласының намысын жанымақ па? Алдымен дөкей баласына шүйлікті. Сөзді жаудырып жатыр, жаудырып жатыр. Иліккен ол жоқ. Миығынан күліп барады жөніне. Намыс болса қояр емес: «Өзіңнің де қарындасың бар, қызғалдақтай қызың болады. Соларды бір сәт неге ойламадың? Еркектік намысың өлген бе?»

Сен үшін сатылады ма бәрі?» Дөкей баласының жырына кірмейді. Қалтасынан қалтафонын алып, күлімдейді мекіреніп. Анық. Соттан жеңіп шыққаны анық. Әкесі дөкей болса, баласын шырылдатып қоймайды ғой. Баласын далаға тастаған шешеге ұмтылды. Шарананы далаға тастаған ана тайсақтасын ба? **«Жатырыңнан жеріңді не көрінді? Арыңды ойласаң, балаңды, жүрегіңнің бөлшегін далаға тастап не күн туды?»** Өлгі саспайды, маңдайына түскен кекілін саусағымен тарамдап, жұрттан мейірімсіз жанарын көлегейлеген көзілдірігін жөндеп кетіп барады. Сонда айтқаны **«Әкесі жерісе, менің неге шыбын жаным шырылдау керек? Намыссыз еркектердің кесірінен болған жайт»**. Шымбайына батпады Намыстың сөзі. Төрт баласын бозторғайдай шырылдатып, әйелінен ажырасқан еркекке ұмтылды. Жанына жетіп барды да төпей жөнелді: **«Арсыз неме, бұл өмірде не тындырдың? Бауыр етің – бала. Сол үшін өмір сүрмейсің бе? Әйтпесе өміріңнің құны қайсы? Әкесіз, әке тәлімінсіз олар қалай өмір сүрмек?»**. Еңгезердей денесіне біткен қарнын сипап ол тұр. Құдды алдына табақ ет қойылып, содан сылқия тойған жандай тісін шұқиды. **«Бала ма? Ол болады. Құдай өмір берсе, әлі талай балам болады»**, – деді де шығып кетті сот гимаратынан. Бәрі де жеңімпаз. Соттан жеңіп шыққан. Бірінің де мүддесі қорғаусыз емес... Содан не керек, маған жармасты. Жалыншты үнмен: **«Бетіңде қытығы бар жансың ғой. Қалам да сермейсің. Жазшы бір, айтшы бір мен жайында, қарындасым жайында. Жеткізші үнімізді»**, – дегені бар. Өмір өтіп жатыр. Тұрлауы жоқ, тоқтауы жоқ. Қамшының сабынан қысқа дейді, қамшыны қолға ұстамағалы қай заман. Мына өмір қалам бар ғой, күнделікті қолданыста жүрген қаламнан да қысқа. Сол қысқа ғұмырда қоғамның бұлғаңын көргенде ағайынды Намыс пен Арды ойлаймын. Арып, ашып, жүдеп жүр ме екен? Қайдасыңдар, Ар-Намыс?! Бармысыңдар?

Д.КЕЛМЕМБЕТ

БЕСІКТЕН БЕЗУ - ҰЛТСЫЗДАНУ



Әлі күнге дейін есімізде, құлағымызға естілетін сиқырлы әуен. Ананың құлаққа жағымды үні, бесік жырының сәл мұңды әуені, оның сөздері, бәрі-бәрі бүгін естігендей, құлаққа әбден сіңісті болып қалған. Ара-тұра осы әуенді айта жүреміз ыңылдап. Сол кезде балауса шақтың сәттерін көз алдымызға әкеледі.

«Асығыстық» пен кем қалмау үшін жанталасқан тұрмысы нарыққа негізделген қала тіршілігінен шаршағанда сол әуен көкейдің түкпірінде шыдамдылық пен күрескерлік қасиетіндей қайта жандандырады. Сананың түкпірінде тұрып сәуледей нұрын шашады келіп. Шаршап тұрған жаныңды бір сергітіп, бойыңды басқан зілді тауқыметті сілкіп тастатады. Бұл, бәлкім, бесік жырының құдіреті болар. Себебі, тарихың да сонда, тамырың да сон-

да, тағдырың да сонда. Бесік жыры арқылы алғаш өлең дүниенің бар екенін, әуеннің бар екенін сезгенсің. Сай сүйегің мен алпыс екі тамырыңа осынау құдіретті ән таңбаланып қалған. Алайда, бүгінгінің баласы «манеж» (төсек орын) бен Моцарт, Бах, Бетховеннің сонаталарын құп санайды. Жас отбасылардың әуестігі де сол. Бірде базарда кейуана (ауылдан келген болуы керек) шүмек іздеп жүр екен. Сұрағанын таппаған жан «Бүгінде баланы бесікке бөлемейтін болғаны ма?» деп күмілжиді. Сонда саудагер саңқ етіп, «Шүмекке сұраныс жоқ, есесіне «памперс» алсаңызшы. Балалар қазір бесіктен гөрі манежге жатады ғой» демесі бар ма? Әжей аңтаң. Бұл қала ғой. Баласын «манежге» бөлеп, өлең емес, соната тыңдатады. Бесік жыры – дәстүр ғана емес, болмыс, ұлттың табиғаты, танымы, кеңістігі. «Ұлт болам десең – бесігінді түзе» немесе «Бесік жырыңсыз өскен бала – рухани мүгедек» деген-

де сол бабалар нені аңғарып, нені аңдады?! Жастар кітап оқымайды деген секілді мәселелердің артында - оның туу себебі болып осы бесік жырының айтылмай жатқанын байқадық па? Бесікте тербеліп жатып, ән мен әуеннің құдіретін сезінбеген баланың санасы қазақы дәстүрге қалай бейімделсін. Бесікке салу, бесікке таңу, бесіктен шығару – ұлы той, үлкен қуаныш, ақ түйенің қарны жарылатын мереке десек те болады. Төл дәстүрдің жолын, яғни бесікке салу дәстүрін ауылдағылар ғана жалғастырып келеді екен. Қаладағы жағдай бөлек, озық мәдениеттің бір көрінісі, жаялық емес «памперс», бесік емес «манеж», бесік жыры емес «соната». Демек, бесік тербетілмеген үй болар, бірақ шаңырақ емес, себебі мұнда қазақы иіс жоқ. Қазақтың ұрпағын қалыптастырар жас аналар балаңызды бесікте тербеткеніңіз абзал. Себебі, қазақтың жалғасы – сіздің балаңыз!

М.МАҚСЫМҰЛЫ



Ежелде қазақ дәстүрінің қаймағы бұзылмаған кезде «Сырға тағу» емес, «Үкі тағу» немесе «Белгі салу», ал қытай жеріндегі қазақтар «Қарғы бау» деп атаған.

Жігіттің әке-шешесі көңілдеріне ұнаған қызға құда түсер алдында қорасына мал кіргізіп, қызға сыйлық берген. Қыз бен жігіттің ата-анасы құдаласуға келісіп, қалыңмал жөнінде сөйлесіп, жігіт әкесі осы келісімнің белгісі ретінде қызға үкі тағады немесе білегіне білезік салған. Үкі тағуға барған адам тілге шебер, шешен болуы керек. Мысалы: Құтмын батыр інісі Шағырға қыз айттырып барғанда келу мақсатын жүйелі жырмен бастаған: Жалаулы найза, жарау ат, Жауға шапсам деп келдім, Ақуына Үйсіннің Үкі тақсам деп келдім, – деген жолдардан «Үкі тағу» салтының болғанын анық көреміз. Егер құда түсіп, кит кигеннен жігіт үйленуден бас тартса, онда олар ат-шапан айыбын, алған китін, қыз жағының құда түскендегі шығарған шығының төлейді. Қыз жағы үкіні

қайтармайды. Содан кейін қызға басқа біреудің құда түсуіне жол ашылады. Ертеде қызға тағатын үкінің айналасын «соқыр тиынмен» әсемдеген. Соқыр тиын дегеніміз тиынның бетіндегі бедері мен таңбасы көп пайдаланғандықтан көмескіленіп кеткен тиын. Қазақта реніш ретінде «менің соқыр тиын құрлы бағам болмады ғой» деп айтады. Ал «Сырға салу» деген кейіннен шыққан. Ұл баланы ашамайға отырғызғанда, сол жастағы қыз баланың құлағын тарымен тесіп, сырға таққан. Оны «Сырға той» деп атаған. Қазақтың салт-дәстүрінің барлығы баланың көңіліне қуаныш сыйлау үшін жасалған. Бұл тойларға қыз-келіншектер мен ауылдың бәйбішелері қатысқан. Ал шілдеханаға ер-азаматтар күндіз батасын беріп, кешкі ойын-тойға қатыспаған. Ер-азаматтар «Сүндет той», ашамайға мінгізу, тоқым қағар, үйлену тойына ғана қатысқан. «Сырға тағып кетіпті» деген сөздің өзі анайы естіледі. Баяғыда ауылдың малына сырға тағуға адамдар келеді дейтін. «Тұсау кесерде» корей халқының ақша, аспап, қалам қоятын салтын да қабылдадық. Салтымызды жоғалтпайық.

SÖZ SÖYL

Кино да – қару. Орайын тауып пайдалана білгенге, әрине. Сөз басын мысалмен бастайық, коммунизмнің орнауына қарсы болған Колчак жайлы бірнеше кино түсіріліп, «халық жауының» аяқ астынан оған қарап ел бой түзер «батыр» болғанын есіңізге түсіріңіз. Бірнеше жыл бұрын ресейлік киногерлер «Адмирал» картинасын көпшілікке ұсынып, орыс жастарының санасына қолдан «батыр» жасап берді. Шын мәнінде, Колчак нағыз жауыз, қатігез тұлға еді. Киноның құдіреттілігі осында жатыр. Күллі жүрт мойындағандай, бүгінде көпшіліктің оқыған кітабының санын көрген киносының саны көп. Жасыратыны жоқ, кітап оқығаннан фильм қарай салғанды жөн санаймыз.

ХӘЛІҢ ҚАЛАЙ, ҚАЗАҚ КИНОСЫ



Осыдан кейін киноның қару екеніне ешкім де шүбә келтіре қоймасы анық. Кино – жай қару емес, идеологиялық қару. Оны кез келген киногер де, билік те, идеолог та, тіпті десеңіз, кино көрермені де мойындайды. Оның мақсаты – санаға түрткі салу, ойды өзгерту, өмірлік тұлға қалыптастыру. Талайдың есінде болар, бір жылдары балаларымыз «Юсуф Мероғлы» болып шыға келді. Шапса қылыш өтпейтін, отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын бұл кейіпкерлердің көбеюіне түріктің «Асау жүрек» телехикаясы сеп болды. Өліп-өшіп сол телехикаяны тамашалағанымыз соншалық, ауладағы затымыз, қорадағы малымыз тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетті. Ол уақта санада шым-шытырыққа толы сериалдың желісі еді. Бірер жыл өткен соң «Юсуфтың» орнын «Жумонг» басты. Шаруаның баласынан бастап, байдың шонжар ұлына дейін шыбық мініп, «Когерео» жерін «қорғауға» ұмтылды. Өйткені, балалардың өмірлік тұлға іздеген сәтінде көрістің батырын тауып беріп, соған бейімдедік. Шетелдік сериалдарға тек санамызды ұлатқан жоқпыз, олардың тарихын үтір-нүктесіне дейін жаттап алдық. Енді қайтпек керек, «Менің атым Қожа» мен «Қыз Жібек» фильмін өзге ересі биік картина жоқ еді. Оның үстіне қайбір жылдары «Қожаның» басына қара бұлт үйірілді. Бірер атқамінер «Сотқар Қожа» жастарға үлгі емес, «бүлдіргі» дегенді айтып, көгілдір экраннан алып тастауды мінберден көтеріп жүрді.

Рас, қазіргі баланың тәрбиешісі көгілдір экран. Ата-ана күйік тірліктің қамымен жұмыс басты болып алған. Балабақшаға барғандарды тәрбиеші суусындатса, мектепке барғандарды мұғалім «азамат» ету керек. Біздің қазіргі таным солай дейді. Оған себеп те жоқ емес, қазір оқушы сабақтан тыс уақытта да бұзақылыққа барса, жауап мұғалімнен алынады. Ата-анадан емес. Мектептен, балабақшадан тыс уақытта бала не істейді? Көгілдір экранға үңіледі. Қалтафон шұқылайды. Мойындау керек, біздің бәсеке бала жыламаса, сұрағанын әлпесек, жылтыратып киіндірсек болды деген түсінік бар. Қазір телефонсыз бала жоқ. Болмағанның өзінде жылай қалған балаға қалтафон ұсына қоямыз. Ал, ол не көріп жатыр, не қызықтауда бас қатырмаймыз. Қалтафоннан ажырағандар теледидарға үңіледі. Көкейде тұрған сан сұраққа жауапты теледидар мен интернеттен алады. Өйткені, бала біткен сұрақ қою арқылы өмірлік тәжірибе жинайды. Теледидар мен интернеттегі «жауаптардың» бәрі дұрыс деу қисынсыз. Шынтуайты керек, кешеге дейін бала сауалының басым бөлігіне ата-әже жауапты болды. Қариялар ұрпақтың азамат болуы үшін «қазіргі қызықтың» бәрін тәрк етті. «Қазіргі қызығы» қайсы? Әжелер үшін азаннан кешке дейін телехикая тамашалау, құдайы мен той жағалау, аталар үшін карта ойнау, «шөлмек» тауысу. Әсіресе, зейнетақы түскенде аталардың басым бөлігі қызықты немере мен шөбереден емес, шөлмектен іздейді. Көпке топырақ шашу ойда жоқ, бар енегелі қариялар, олар ұрпағын жетелі етумен айналысады. Бірақ, олардың да саны азайған. Қазір ұрпағына бата жолын насихат еткен, кешегі өмірді үлгі еткендер азайып барады. Қалай шамдансақ та, қоғамның ұсқыны сол. Ойды ой қуалайды деген, бір танысымының шешесі үнді телехикаясы «Абысынқардағы» Симардың тірлігіне налып, талмасы ұстайды екен. Талай мәрте жедел жәрдем шақырып, дәрігерлер өлгі сериалды тамашаламауға кеңес берген. Ал, әкеміз сонда да қайтпайтын көрінеді. Бірді айтып, бірге кетеміз, кино – әр ұлттың салт-дәстүрін, болмыс-бітімін, әдет-ғұрпын, кемеңгерлігі мен философиясын, ұстанымы мен тыныс-тіршілігін арқау

етіп, сол арқылы ұлтын әлемге таныту үшін дүниеге келетін туынды. Мәселен, орыстың, француздың, өзбек пен түріктің, үнді мен көрістің картинасына қарап, солардың талай ғасыр бойы қалыптасқан үрдісінің, түсінісу кеңістігінің, сөйлеу мәнері мен жүріс-тұрысының әрқилы екенін аңғарамыз. Шынтуайтына келгенде, көріс сериалдарынан олардың жастары тым ибалы, бірақ шектен тыс «шарапқұмар» екенін, түріктің картиналарынан оларда «европалық адамгершіліктің кемдігін», үнді туындыларынан Үндістанда жаңа-шылдық пен ескішілдіктің күресін аңғарамыз. Ал, бізден ше? Бізден қызын зорлаған өкені («Әке қорлығы»), арынан гөрі нәпсісін жоғары қойған келінді («Келін»), ақылсыз өрі арзан ойлы қазақы жігіт («Қайрат чемпион. Девственник»), өзге ұлтқа қолжаулық болған қыздарды («Ирония судьбы») көреміз. Қазақта басқа көрсететін дүние қалмаған ба деген ойға қаласың? Талайдан бері талқылау аймағынан кетпеген «Келін» картинасы әлемге біздің қыздарымыздың «төнін» тамашалатып жатқанда, өзбек ағайынымыз «Супер келіншек» атты тың туындыны дүниеге әкелді. Комедиялық негіздегі киноны көрген жұрт орыс қызының өзбек жігітіне әкесі мен шешенің қарсылығына қарамай тұрмысқа шығып, өзбек мәдениеті мен салт-дәстүріне мойынсұнғанын көреді. Өзағамыздың ерліктеріне таңғаласың! Ал, қазекем қазақ қыздарын өзге жұртқа қолжаулық етуден жалықпайды. «Дала экспресі» мен «Ұлжанда» француздың, «Астана – менің махаббатымда» түріктің, «Махаббат тәлкегінде» орыстың ермегі болған қазақ қызын көресің. Әрине, жаһандану процесі жүріп жатқанымен, қанымыз бір қазақ қызына алаңдамайтын жанның өз анасы мен қарындасы, әпкесіне жаны ашмайтыны қалай?

Одан қалды өнші біткен бір-бір фильмді еншілеп, өзінің аз-маз рейтингі үшін қарекет етуде. Өнші байыса кино түсіреді, ал «КВН-чиктердің» түсірген фильмдері амалсыз басымызды төмен қаратуда. Мойындайықшы, жерлесіміз Нұрлан Қоянбаев ойнайтын «Бизнес по казахскийде» не тәлім бар? Боқтық пен арзан күлкіге қарық еткен картина өңсемізді бір түсірді. Есесіне ресейліктер өзгенің таным-таразысын, тарихын «күл болмасаң, бұл бол» деген сарынмен өз тарихын түгендеп әлек. Мәселен, 2014 жылы Ресей киногерлері «Поддубный» фильмін жарыққа шығарды. Екі жыл түсірілген фильмнің басты кейіпкері балуан Поддубный. Бірнеше мәрте қазақ балуаны Қажымұқанмен тіресіп, бір-бірінің осал тұсын таппаған еді. Ал, фильмде бір Қажымұқан жүр. Орыстың алыбы боз кілемде оның жұлынын үзіп, жарыс жолынан шығарып тастайды. Иісі қазақ сонда дүр етті. Тарих қалай бұрмаланған? Қазақ батыры жеңілген емес қой? Сол кездегі ұлт жанашырларының басты сұрағы осы болды. Дауласып баруға болар еді, кино авторлары «ойдан шығарылған» кейіпкер ғой дей салатыны тұр, бастысы қазақ емес, түрік балуаны деп тұр ғой. Ал, шын мәнінде Поддубный дәуірінде балуанымыз Қажымұқаннан өзге «Қажымұқан» болған жоқ. Қазақ киносының тарихына тоқталар болсақ, оның жолы екі кезеңнен тұрады. Бірі – кеңестік кездегі, ендігісі тәуелсіздіктен кейінгі қазақ киносы. Екеуінде де дүниеге әкелген өз ерекшелігі болғанымен, бір ұқсастық байқалады. Ол ұқсастық – ұлтты көрсету емес, басқаша бағытта сөйледі. Кеңестік кезеңдегі қазақ киносы коммунизмді мәжбүрлі

SONG

МӘҢГҮРТ ҰРПАҚҚА АЙНАЛМАСАҚ ИГІ...

Шыңғыс Айтматовтың «ғасырдан да ұзақ күнін» оқыдыңыз ба? оқысаңыз, есіңізде болар найман-ана туралы хикая. романда найман-ана мен оның баласы жайында суреттеледі. жуан-жуандар жас сарбазды жорықта қолға түсіріп, шашын тықырлап алып, басына түйенің терісін кигізеді екен. суы кеуіп, күн қақтағанда адамның жанайқайы шығады. басын қысқан тері өсіп жатқан шашты кері қайырып, мыына жібереді екен. осыдан барып, адам мәңгүрт болатынға ұқсайды. найман-ана баласын елге алып кетуге келгенде айтқан әңгімелерін ұлы құлағына ілмейді. тіпті, естімейді. «құлыным, мен сенің анаңмын» дегенде де құлақ түрмейді. ақыры сол мәңгүрттігі анасын өлтіруге жеткізеді. өйткені санасы жануардікіне айналған еді. ойланбайды, тек орындайды. ал қазіргінің мәңгүртін жасау қиынға соқпайды. өз-өздерін мәңгүрт етуде. Қазір қалтафонсыз жастарды елестетіп көріңізіші. Мүмкін емес пе? Кейбірінде екеу, қайсыбірінде үшеуден бар сондай құрылғы. Көпшілік – соның құлы. Сенбейсіз бе? Қоғамдық көлікке отырыңыз, орын берер жастар аз. Талайының құлағында құлаққап. Қылып өтері жоқ. Даңғаз музыкадан миы шайқалып отыр. Шатағы сонда, айтқаныңды тыңдамайды, дауысты естімейді. Еліткені елерген музыка. Терінің көн терісінен мәңгүрт болғанды білдік, құлаққаптан мәңгүрттікке душар болғанымызды байқаймыз ба?

Телефонның зияны туралы естігенде жағаңызды ұстадыңыз ба? Көзге көрінбес сан толқын атауын айтпас аурудың ошағы екен. Бөлінген ұлы элементтерді қосыңыз. Таңын қалтафонмен атырып, түнде сол құрылғыны құшақтап ұйқытайтын кей кісілер мұны ескере ме? Өлде «өмірде зиянды емес зат жоқ» деген құрғақ желеу жетемізді әбден ұлаған ба? Күнүзак сонда телміреміз. Әлеуметтік желі атаулы қалтафонға деген құлықты одан әрі аша түсті. «Whatsapp», «instagram» жұтылып жатқан сананы одан әрі ұлауға көшті. Көпшіліктің назарына жақсы сурет саламын деп кей желіккен таудан құлауда, үйден құлауда. Арыстанның араны, акуланың аузында кеткенін тағы санаңыз. Жыл басынан бері әлем бойынша «селфи» дертіне ұшырап, қанша адам қаза болды? Санамадыңыз ба? Күнде біреу селфилетіп ажал құшты деген ақпарат қалағыңыз шаршаған да шығар. Мәңгүрттік деген осы.

Құлтемір адамға емес, адам құлтемірге қызмет қылған заман болды бұл. Көпшілік қалтафонды байланыс үшін емес, сөз үшін ұстайды. Бірнеше айға қымбат телефонды несиеге алып, сарсаңға түскен талайы. Үстіне жөнді киім ілмесе де, пәтер аралап жүрсе де, бір мезгілі ыстық тамақ ішпесе де брендтік қалтафон ұстағанды парыз санайды. Базар кезіп, дүкен аралап кітап іздеген жасты көрдіңіз бе? Жоқ. Олардың желігі қалтафон. Құлтемірге қызмет қылған осы болар.

Кітап демекші, кітап оқитын қазақ бар ма? Өлемдік деңгейде саралаған зерттеушілер қазақстандықтардың 17 проценті ғана кітап оқиды деп айды аспанға шығарды. Демек, 19 миллион отандасымыздың 2 миллион 890 мыңы ғана кітап оқиды. Сұмдық!

Телефонның неше атасын шығарған әр жапонға елдегі кітаптың 11-і тиетін болса, мың қазаққа 249 кітап тиеді екен. «Жаман» жапон қазақты мың орап кетеді деген сөз. Жүз мыңға кітап алғанша қалтафон алуды ұнататын қазақ мәңгүрттікке бет алуда. Неге дейсіз бе? Көшеден кез келген кісіні тоқтатып, соңғы кезде қандай кітап оқығанын сұраңыз. Көпшілігі мектеп кезінде кітап ақтарғанын айтар, одан соң түк жоқ.

Кітап – тарих. Кітап – әдебиет. Кітап – қазына. Кітап – байлық. Кітап – білім. Кітап – ғылым. Ал қалтафон – сол ғылымның жаңалығы. Қазір неге бізде жас ғалымдар аз? Өйткені, біздің қоғам ғылымға емес, ғылымның жаңалығына құмар. Ойлап қараңызшы, қазаққа екінші Абай, екінші Құрманғазы, екінші Сәтбаев, екінші Ахмет, екінші Мағжан біте ме? Мағжанды білесіздер, төрт жасында қазақтың жарық жұлдызы болды. Абайды айтпасақ та түсінікті. Солардың бәрі кітап оқудан, ізденуден, көкейге тоқудан «Ұлы» болды. Ал біз ше? Кітап оқымамын делік, тыңдар құлақ бар ма жастарда? Құлаққаппен тығындалғанда тыңдау қайда? Оларға енегелі әңгімеден «Еміпет» мен «Rihanna»-ның былдыры қажет. Оларға Абай болу емес, бай болу керек. Жел сыбдыры мен судың сылдыры, аттың дүбірінен күй шығарған Құрманғазы болу қайда? Нота жоқ дәуірде есте қабілетімен даңқты күйші болған кісіге жетуді ойлағанды көзкітірген емесіңіз. Сіз ше?

Тыңдау дегеннен шығады, қазақтың әдебиеті мен мәдениеті, барша болмысы, өткені құлақтан құйылып, санада сақталып жетпеді ме? Күллі Еуропа «ұмытылып кетер» деген желеумен бар құндылығын қағаз бетіне түсіргенде қазекем бар әдебиетін миының қатпарында сақтапты. АҚШ, Германия, Франция, Ұлыбритания тарихқа көз салу үшін қағазға жүгінеді. Ал біздікі кезеуде сарнап тұр. Келесіге баянда беру, айту арқылы жеткізген. Одан кейінгілер болашаққа бар құндысын ауыздан-ауызға тарату арқылы жеткізді. Ал қазіргілер бүгін айтқаныңды ертең ұмытады. Шешелеріміз «бір құлақтан кіріп, екіншісінен шығып кетеді» дейді әді. Құдды Маклондонсы тұрғындарындай. Түсінібей қалдыңыз-ау, Габриэль Марсия Маркес деген жазушы бар, соның «Жүз жылдық жалғыздық» деген туындысындағы елді мекеннің атауы ғой. Сол қалашықтың тұрғындары ұмытшақ ауруына душар болады. Заттың да, адамның да атын ұмытып қалады. Ұмытқаны былай тұрсын, аурудың дендегені соншалық, заттардың атын есіне түсіру үшін атауын жазып, жабыстырып қояды. Біз де Маркестің кейіпкері сықылды болып барамыз. Неге дейсіз бе? Құймақұлақтар азайып барады. Қайуі пе?

Қалтафонның қызметі қайсы? Байланыс құралы емес пе? Ал біз неге оған сонша телміреміз? Қалтафон да – құлтемір. Тиісті тетігін бассаңыз, дегеніңізді орындайды. Сол құлтемірдің нәліктен құлына айналып барамыз? Сізді алаңдатпай ма?

С.ҚАЛЫМБЕТ

Мағмар МАҚСЫМ

ЧЕМ СТРАШЕН ТОКСОКАРОЗ?

Токсокароз — это паразитарная инфекция, вызванная круглыми червями токсокарами. Вообще это болезнь животных, преимущественно семейства псовых. Человек для токсокара — биологический тупик. Токсокара откладывает около 20 000 яиц в сутки. Они попадают на почву и растения, а оттуда на шерсть собак. Заражение токсокарозом происходит при проникновении яиц токсокара в организм человека с пищей и водой, бытовым, контактным, фекально-оральным путем. Инфицирование возможно при контактировании с животными, особенно бездомными, и землей обсемененной яйцами. Наиболее распространенные источники заражения - щенки, беременные и лактирующие суки. Распространению токсокароза в быту способствуют тараканы, они поглощают яйца гельминтов с последующим выделением части живых особей.



интенсивности, потеря аппетита, тошнота, нелокализованные боли в животе, диарея, е увеличение размера лимфоузлов, печени, селезенки, от легкого ночного покашливания до бронхальной обструкции, пневмонии, признаков удушья, цианоза, крапивница, папулезные высыпания, чаще они появляются на коже поясничного отдела и конечностей. При легких и среднетяжелых формах токсокароза прогноз благоприятный. Полное выздоровление без осложнений отмечается у 90% пациентов.

Профилактика состоит из проведения общесанитарных мер защиты окружающей среды. В первую очередь необходимо создавать специальные места выгула для собак. Фекалии необходимо утилизировать, не оставляя их на земле. Также владельцам собак необходимо проводить регулярную

дегельминтизацию, а уличные бродячие животные должны быть отловлены.

Особое внимание следует уделять гигиене. Необходимо тщательно мыть руки после возвращения домой, избегать контактов с чужими животными. Нельзя есть еду на улице, если нет возможности помыть или продезинфицировать руки. Овощи и фрукты должны быть хорошо вымытыми. Детям необходимо прививать навыки гигиены с самого детства. В процессе игры в песочнице важно не допустить поедания песка и почвы, после не менее важно помыть малыша.

Е.МАКСИМОВА, Ведущий специалист Ескельдинского районного санитарно-эпидемиологического контроля

КЕПІЛДЕНДІРІЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК ПАКЕТ

Егімізде аз қамтылған азаматтарды әлеуметтік қорғау бағыттарының бірі балаларға кепілдендірілген әлеуметтік пакет пакетті тағайындау болды. Кепілдендірілген әлеуметтік пакет – бұл ел Үкіметі 1 жастан 18 жасқа дейінгі балалары бар аз қамтылған отбасының әрбір баласына белгілеген көмек.

Әлеуметтік пакеті шартсыз немесе шартты ақшалай көмек алатын тұрмысы төмен отбасыларға беріледі.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 24 маусымда №11426 тіркелген.

Табысы төмен отбасылардың балаларына көмек ретінде енгізілген кепілдендірілген әлеуметтік пакет баланың жасына қарай беріледі.

1 жастан 6 жасқа дейін, оларға ай сайын азық-түлік жиынтығы және тоқсан сайын тұрмыстық химия мен гигиеналық құралдар жиынтығы беріледі;

6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар, оқу жылы басталар алдында мектеп формасы мен керек-жарақтары, оқу кезінде ыстық тамақ қамтамасыз етілетін оқушылар.



«Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп, өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жайылмай отырған індеттің бірі. Бұл індет біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы ҚР Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоюға, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, біріңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың әрі сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

“Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы” Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекет әр салада жүзеге асырылуда.

Заңның басты мақсаты – азаматтардың құқықтарымен бостандықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерімен туындайтын қауіпсіздіктерден, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу және ашу болып табылады.

Күнделікті өмірде халық әсіресе парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Осының алдын алу үшін кез келеген ортада пар берумен алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Осы бір түсінікті қоғам санасына сіндіріп, иммунитет қалыптастыру міндет.

Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Ескелді ауданының статистика басқармасы осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты ұстанады және жұмыс барысында басшылыққа алады.

Н. ЕСЕЛБАЙ
Ескелді ауданының
Статистика басқармасының
басшысы



СОЗЫЛМАЛЫ ДЕРТІ БАР НАУҚАСТАРДЫ ДИНАМИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖАЙЫ

Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі мен МӘМС аясындағы медициналық көмек көрсету. Динамикалық бақылау аурудың асқынуы немесе күрделенуінің алдын алу үшін, дерттердің алдын алу мен осындай науқастарды оңалту үшін жүргізіледі.



Динамикалық бақылау есебіне тұруы үшін науқастың қолында созылмалы дерті бар екенін нақтылайтын құжаттар болуы тиіс, олар:

1. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек бекеті дәрігерінің қорытындысы;
 2. Бейінді маманның (дерт бойынша) консультативті қорытындысы;
 3. Стационар науқастың медициналық картасынан үзінді (стационарда ем алған соң).
- Созылмалы дерті бар науқасты қабылдаған емхана дәрігері не істейді?
1. Науқасты қарап, анамнез жинайды;
 2. Науқасқа физикалық түрде қарау жүргізеді;
 3. Науқастың диагностикалық зерттеулерінің нәтижесін бағалайды;
 4. Науқастың өзін-өзі бақылау күнделігіне түзету жасайды (барлық дәрігерлер қарауларын, зерттеулерін, бейінді мамандар мен салауатты өмір салтын мамандарының ұсыныстарын ескере отырып);
 5. Күндізгі немесе тәулік бойғы стационарға жолдама береді (қажет болған жағдайда);
 6. Медициналық оңалтуға жолдама береді (медициналық көрсеткіштер бойынша);
 7. Медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясынан өтуге қажет құжаттарды рәсімдеуге кеңес береді;
 8. Салауатты өмір салтын ұстануға кеңес береді.
- Бейінді маман созылмалы дерті бар науқасты қабылдағанда не істейді?
1. Бейінді маман науқасты емхана

дәрігерінің жолдамасы бойынша қабылдайды;

2. Қарау жүргізеді (физикалды қарау);
3. Науқасқа сұрақтар қойып, жауап алады;
4. Науқастың диагностикалық зерттеулерінің нәтижесін бағалайды;
5. Қосымша диагностикалық зерттеулерге жолдайды (қажет болған жағдайда);
6. Күндізгі немесе тәулік бойғы стационарға жолдама береді (қажет болған жағдайда);
7. Науқастың созылмалы дертін алдағы уақытта да бақылауға ұсыным жасайды;
8. Науқасты қабылдаған соң уәкелелік дәрігерге осы науқастың денсаулығы туралы қорытындыны жібереді.

Медициналық қорытындыда бейінді маман зерттеулердің нәтижесін көрсетеді, осы науқасты арғы қарай бақылау туралы ұсыныс жасайды.

Науқасты динамикалық бақылаудағы медбике/медағаның рөлі қандай?

1. Емдеу тәртібі орындалуына мониторинг жүргізеді;
2. Қайтадан қабылдау кезінде науқастан сұрақ-жауап алып, физикалды қарау жүргізеді;
3. Лабораториялы және инструменталды зерттеулерге жолдайды (тиісті мерзімімен);

4. Дерттің асқынуына шағым болмаған немесе динамикалық зерттеулердің қалыптан тыс көрсеткіштері болмаған кезде медбике/медаға: науқаспен әңгімелеседі және салауатты өмір салтын ұстануға кеңес береді, қажет болғанда емханадағы салауатты өмір салты орталығының мамандарына жолдайды; науқасқа дерті ауысқан кезде не істеу керекін және өміріне қауіп төнген жағдайда жедел медициналық көмек шақыруды түсіндіреді; дәрі-дәрмекке рецепт жазып береді; науқастың келесі келу уақытын белгілейді.

5. Егер науқастың дерттің асқынуына шағым болса немесе динамикалық зерттеулердің қалыптан тыс көрсеткіштері болса, медбике/медаға науқасты алғашқы медициналық санитарлық көмек бекетіне жоспардан тыс қарауға жібереді.

Егер науқас күндізгі немесе тәулік бойғы стационарда ем алса, емделуден кейін оған стационар науқастың медициналық картасынан үзінді берілуі керек, онда көрсетілген ем туралы мәліметтер, атап айтқанда, диагностикалық зерттеулер, емдеу шаралары мен ары қарай емделу кеңестері жазылады.

◆ QAPERINIZDE BOLSYN

◆ JEMQORLYQQA JOL JOQ

ЕРКІНДІК ПАТШАСЫ - ЕДІЛ

TARAZY



Аттілі (Аттила) – түркі-қазақ тілінде осылай аталуы тиіс. Ежелгі қазақтар көне заманда көшпелі халық болған соң, балаларының есімін төрт түлік малдың атымен атай берген. Бұған таңғалуға болмайды: ұлдарын «Тұяқ», «Нарбұқа», «Кетбұқа», «Қойбағар», «Қозыбақ», «Наржігіт», «Тайжігіт» атаса, қыздарына «Еркетай», «Құлан», «Бөрте», «Бота», «Ақбота», «Нарқыз» деген есімдер берген. Еділ бойындағы (Волга) ғұндардан шыққан соң, қазақтар Аттіліні жалпы түрде Еділ батыр деп те атайды.

Өздерін «Күн» немесе «Ғұн» деп атау сол замандағы көшпелі Алаш жұртында көнеден қалыптасқан. Ю.Яковецтің «История цивилизации» монографиясында былай дейді: «Их предки были свободными людьми – детьми великих степей, их называли гунны или хунны. Сами они называли себя детьми Солнца или самим солнцем – Кун, Гун, что по гунский и по казахски означает солнце». Еділ (Волга) өзенінің бойынан кәрі құрлыққа қарай әлемге әйгілі даңқты жорығына шыққанда, Аттілі (Аттила) жолында қазіргі Русьті кездестірмеген. Ол кездерде солтүстіктегі көршіміздің мемлекеті тұрмақ, князьдықтары да құрылмаған. Ормандарда өз денесінен шығатын зәрімен беті-қолын жуып, балық аулап, аңшылықпен айналысып, ормандарда жабайы түрде күн көрген. Бұл Еуропа ғалымдарының дәлелдеген шындығы. Осы дәстүрді олар қазіргі күнге дейін ұстанады. Бойына қотыр шықса немесе бір жерін жырып кетсе, «насыбайларының суын» пайдаланады.

Сонымен, кәрі құрлық жеріне шаңдатып кірген Аттілі бастаған ұлы жорық төрт ғасырлық Рим империясына оңдырмай соққы берді. Көшпелі Ұлы қағанаттың күш-қуаты мыңжылдық Римді шошытып жіберген еді. Егер орыс тілінде айтатын болсақ, «Рим – вечный город», – был национальной идеей Римской империи. Көшпелі ғұндардың соққысынан кейін бұл мәтел жайына қалды. Сол бір уақытта Рим империясының қарамағында 100 миллиондай халық болған екен (Патрик Ховорд. «Аттила – король гуннов. Человек и миф»).

Қалай десек те, Аттіліне қарайтын ғұндар соншалықты көп емес еді.

Бірақ жауынгерлері соғысқа қабілеті жағынан римдіктерден екі-үш есе асып түсетін. Ат үстінде шебер соғысатын. Рим империясына қарайтын жауынгерлер көбіне жаяу жүріп, флангалық ұрыс жүргізетін. Тек темір сауытты рыцарьлары болмаса. Шауып келе жатқан ғұн сарбазы оларға жақындамай-ақ шалма лақтырып, атынан аударып түсіретін. Римдіктер қанша ғасыр бойы Еуропа-ның барлық ұлттарын үйіндегі итіндей бағындырып, олардың санасына «біз құлдармыз» деген сөзді сіңіріп, қалыптастырған еді. Жеке халық болып, дербес мемлекет құруды ой-санасынан біржолата сығып тастаған. Көшпелі ғұн империясы адам шошырлық гладиаторлар соғысын ойлап тауып, кісінің қанын судай шашып, өздері содан кереметтей ләззат алып, адам баласын мазақ қылған Ұлы Римнің күлін көкке ұшырды. Каталаун жазығындағы (қазіргі Франция аумағында) мың жылда бір болатын ұлы шайқас тұтас Еуропа ұлттарын мәңгілік құл қылып ұстаған Римді оңдырмай бүк түсірді. Герман, Пари, Гот, Норман, Викингтер және тағы басқа толып жатқан ұлттар мен ұлыстар өз бостандығын алып кетті.

Осы арада аздап шегініс жасап, мынаны айта кеткенді жөн көрдік: Атақты ғалымымыз Әлбей Марғұлан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастанының дүниеге келгеніне 4000 жыл болған» деп жазыпты. Сонда бұл дастан сақтар заманында туған ғой. Осыған қарап, біздің қазақтар ежелден сақтар, ғұндар, түркілер және Алаш жұрты болып қазіргі заманға түрлі атаулармен жеткен десек, қателеспегеніміз. Ендеше осыны басшылыққа ала отырып, Аттілі немесе Еділ батыр қазақтың төл баласы болғанына 100 пайыз сенуіміз керек қой. А.Бернштам былай деп жазады (сіз бен бізге нақтырақ болсын деп, орысшасын келтірдік): «Гунны сыграли свою историческую роль, приняв участие в крушении огромной многоэтнической и разнородной Римской империи, на политической карте Европы появились новые государственные образования. Вот в этом то и была главная заслуга гуннов и гения Аттилы перед мировой цивилизацией».

Аттілі (Аттила) – Еділ батырға өткен жылдары 1600 жыл толды. Кәрі құрлықтағы адамзат тарихында ерекше орны бар ұлы Рим империясын құлатып, ондағы бодандықта жүрген жүздеген ұлттарға азаттық алып берген ұлы ханға және батырымызға Алматының Көктөбесінен немесе Нұр-Сұлтан қаласының орталық алаңдарының бірінен алып ескерткіш тұрғызып, бүкіл әлемге мақтанышпен көрсетуімізге болар еді.

Б.ҰЛЫҚБЕК

ҚАЗАҚ БАТЫРЫНА БОСТАНДЫҚ

АРАЛЫНДАҒЫ ҚҰРМЕТ

MEREI

Бірде мәскеулік «Знамя» журналының тілшілері Куба революциясының көшбасшысы Фидель Кастродан сұхбат алып отырып, «совет еліндегі қандай даңқты батырларды білесіз?» деп сұрапты. Ол біраз ойланып, Василий Чапаев пен Бауыржан Момышұлының атын атайды.

Журналистер айтпай ма: – Бауыржан Момышұлы тірі адам ғой!

– Қалай?! Сапта жүрген кісі ме?! – Әлбетте. Ол – запастағы офицер. Бірақ қатардан қалған жоқ. Қазір Қазақстанда Әдебиет майданы деп аталатын салада қызмет етеді.

– Солай ма?! Момышұлының еңбектері біздің әскери училищелерде оқытылады. Мысалы, қоршауды бұзып шығу тактикасына байланысты «Бауыржан спиралі» деген бар...

Сөйтсе, Бостандық аралының серкесі Бауыржан Момышұлы туралы «Волоколамскі тас жолы» кітабын қайталап оқып, тамсанады екен. Батырды жауынгерліктің идеалы санап, аталған шығарманы Куба сарбаздарының ең қажетті әскери жабдықтары қатарына кіргізу жөнінде бұйрық шығарыпты.

Қысқасы, тірі адам екенін білген соң, жаны қалмай, Бауыржанды мәртебелі мейман ретінде дереу Кубаға қонаққа шақырады. Бұл – 1963 жылдың қыркүйек айында болған оқиға.

Сол сәт Баукежас Олжас Сүлейменовті алдырып, жағдай осылай, екеуіміз Кубаға бірге барып қайтайық, «адьютантым» бол деп ұсыныс жасаған.

Сонда, батыр, бір жағынан, ақын інісіне мұң шаққандай болып, толқи отырып:

– Көрдің бе, мені өз Отаным керек



қылмайды. Бас штаб маманы, Әскери Академияның орденді профессоры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлын алады да саптан лақтырып тастайды. Мен – жоғары білімді әскери адаммын. Әлі де, кемі, он бес жылдай қызмет ете алар едім. Иә, тәуір зейнетақы берді. 300 сом тақияға тар келмейді. Бірақ ең топас түрде бұйырды: көйкеңе жайғас та, тыпыр етпей, төбеге түкіріп жата бер деді. Қалай ойлайсың, төбеге түкіру үшін үш жүз сом жете ме? Білікті офицер үшін жаман ермек емес қой, ә! СССР азаматы және адал офицер ретінде бұл жағдай арыма қатты тиеді, намысым тапалады. Осылай, бауырым. Ал айдаладағы кубалықтар мені пір тұтып, аспанға шығарады, – депті.

– Сол сапарға қуана-қуана барар едім, бірақ ыңғайы келмеді, – деді бертінректе ақын бір әңгімесінде. – Сирияға билет алып қойып, ұшқалы

отырғанмын. Батыр Кубаға жалғыз аттанды...

Бостандық аралының жетекшілері қазақ сарбазын хан көтере құрметтейді. Оны Куба дивизиясы 51-ші полкінің құрметті командирі етіп тағайындайды. «Кубаның революциялық Үкіметі мен Әскери күштерінің атынан зор ризашылықпен әйгілі совет полковнигі Бауыржан Момышұлына!» деп Раули Кастро қол қойып, Куба көсемі, ұлттық қаһарман Хосе Мартидің портретін сыйлайды.

Кейін Олжас Куба газеттерінің бірінші бетіндегі Бауыржан ағасының: «Куба еліне Қазақстаннан жалынды сәлем!» деп саңқылдап, ұшақ трапынан түсіп келе жатқан немесе оның әскери парадты қабылдаған кезі бейнеленген көптеген суреттерді көріп, батыр туралы испан тілінде жазылған мақалаларды оқи отырып:

– Әттең, Қазақ халқының шырқау биікке көтерілген осы бір керемет сәттеріне күе бола алмағаным-ай! – деп қатты өкінгенін айтады

БЖЗҚ САЛЫМШЫЛАРЫ ҚОР ЖҰМЫСЫНЫҢ АШЫҚ ЕКЕНІНЕ КӨЗ ЖЕТКІЗДІ

BJZQ

Ашық есік күні Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшылары мен алушылары үшін дәстүрлі іс-шараға айналып үлгерді. Салымшылар мен алушыларға ыңғайлы болу үшін біздің қызметкерлер оны тағы да виртуалды кеңістікте өткізді.

Кез келген адамның үйінен шықпай-ақ онлайн платформа арқылы іс-шараға қосылып, Ашық есік күніне қатысу мүмкіндігі болды. Басты тақырып – «Зейнетақы активтерін басқару: Зейнетақы активтері қалай және қайда инвестицияланады?».

БЖЗҚ салымшыларының зейнетақы жинақтарының үздіксіз инвестициялануы, салымшыға жұмыс істейтін белгілі. Өткен жылдың өзінде ғана 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 1 қаңтарға дейінгі таза инвестициялық табыс есебінен зейнетақы жинақтарының өсімі 1,4 трлн теңгеге жетті. Қазақстан Ұлттық Банкінің басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша кірістілік – 8,4% инфляция кезінде 11,13%. Инвестициялық табыс құрамына бағалы қағаздар (салымдар мен басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі табыс, қаржы құралдарын нарықтық қайта бағалау түріндегі табыс, валюталық қайта бағалау түріндегі табыс, сыртқы

басқарудағы активтер бойынша табыс және т.б. кіретінін еске саламыз.

Іс-шара қонақтары салымшылардың зейнетақы жинақтарының сомасы апта сайын зейнетақы активтерін инвестициялау нәтижесіне сәйкес қайта есептелетінін және қайта бағаланатынын, ал инвестициялық табыс құрамына бағалы қағаздар (салымдар мен басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі табыс, қаржы құралдарын нарықтық қайта бағалау түріндегі табыс, валюталық қайта бағалау түріндегі табыс, сыртқы басқарудағы активтер бойынша табыс және т.б. кіретінін білді. Инвестициялардың 2/3 бөлігіне жуығы теңгемен және 1/3 бөлігіне жуығы шетелдік валютамен, валюталық инвестициялардың басым бөлігі АҚШ долларымен орналастырылған. Қаржы құралдарының құны мен валюта бағамдары үнемі құбылып отыратындықтан, нарықтық және валюталық қайта бағалаудан түсетін табыс әбемек алған кезеңде жағымды болуы да, жағымсыз болуы да мүмкін.

Зейнетақы жинақтарының ұзақ мерзімді инвестициялар екенін және инвестициялық табыс мөлшерін кемінде бір жылдық кезең үшін сараптаған дұрыс екенін атап өтейік. Қысқа мерзімді деректер (апта сайынғы, ай сайынғы және т.б.) көрсеткіш бола алмайды, себебі нарықтық жағдайдың тұрақты ағымдағы өзгерістеріне байланысты.

Қор мамандары БЖЗҚ салымшыларының

өз жинақтарының бір бөлігін Ұлттық банкпен қатар инвестициялық портфельді басқарушы (ИПБ) компанияларға аудару алатынымен бөлісті. Қазір БЖЗҚ төрт ИПБ-мен зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт жасады. БЖЗҚ-дан зейнетақы активтерін алған соң ИПБ да оларды рұқсат етілген қаржы құралдарына инвестициялайтынын еске саламыз.

Жалпы, ҚР Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңына сәйкес мемлекет зейнетақы жинақтарын инвестицияны төлемекте құныққан ақша сәттері инфляцияны ескеріп сақтау кепілдігін қамтамасыз етеді. Әлемнің ешбір елінде жоқ бұл норма салымшылардың жинақтарын инфляциядан сақтауға көмектеседі. Зейнетақы жинақтарын ИПБ басқаруына аударған кезде мемлекет кепілдігі басқарушы компанияның зейнетақы активтерінің ең төменгі кірістілік деңгейін қамтамасыз ету бойынша кепілдігімен алмастырылады.

Еліміздің барлық жерінде іс-шараға көп адам қатысты. Әрбір қатысушы Ашық есік күнін өткізудің электрондық форматын жақсы бағалап, көпшілігі БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша ақпаратты және Қордың зейнетақы активтері орналастырылған қаржы құралдарын www.eprf.kz ресми сайтында өз бетінше зерттеуге ниет білдірді.

СУҒА ТҮСУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАУПСІЗДІК

Жаз – біздің балаларымыз үшін көңілді және уайымсыз уақыт. Көптеген отбасылар жаздың ыстық күндерін табиғатта, көл, өзен, теңіз жағаларында демалуды ұнатады. Үлкендермен балалар шомылып, күннің нұрына рахаттанып, таза ауамен демалады. Бірақ су қауіпті болуы мүмкін! Біріншіден балалар кейде қауіп-қатерді байқамайды содан сіздің жауапты болуы және қауіпсіздік техникасын сақтау міндеттілігіңізді есте сақтау қажет! Сондықтан демалыс орнына барудың алдында келесі ұсыныстарды зерделеу керек;

Балаларды суға түсуге рұқсат етілген және құтқару құралдарымен жабдықталған орындарға ғана жүргізіңіз. Сіздің бақылауыңызсыз балаңызға шомылуға рұқсат бермеңіз! Әсіресе матрацта немесе үрлемелі ортада. Балаларды тек жүзу кеудесінен де немесе жеңінде жіберіңіз. Балаларға су астында тығылатын немесе оларды жығатын ойындарды ойнауға жолбермеңіз. Баланың тонуын болдырмау үшін баланың суда болу уақытын бақылаңыз. Демалыс уақытында да жауапкершілікті ұмытпаңыз! Балалармен әңгіме өткізіп, қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін түсіндіру қажет. Ешқашан көз қарасынан жоғалтпаңыз балапандарыңызды! Мектепке дейінгі және кіші мектепжасындағы бала әрқашан үлкендердің қарауымен шомылуы тиіс. Жасөспірімдік жастағы балалар, егер

өздері су қоймасына баратын болса, онда терең шұңқырлар, қатты ағыстар, су айналымы немесе үлкен толқындар болмаған жағдайда, бұл үшін арнайы бөлінген жерлерде ғана жүзуі тиіс.

Ескелді ауданының ТЖБ және 23 ӨСБ жеке құрамымен Ескелді ауданының Қарабұлақ ауылында суға шомылу кезеңіндегі қайғылы жайлардың алдын алу мақсатында Ескелді ауданының волонтерлерімен және жергілікті атқарушы орган қызметкерлерімен бірлесіп Ескелді ауданының аумағында орналасқан Қаратал және Қусақ өзендерінің адамдар суға түсуге жарамайтын жағалауларда рейд жүргізілуде.

Қ. ӘШИМОВ, Ескелді ауданының ТЖБ инженері азаматтық қорғау аға лейтенанты

Ахмет Байтұрсынұлы:

ШӘКІСПЕЙ, БЕКІСПЕЙДІ



соң, қазақша газета нем кітаптар шығарып отырған біз сөйлеп, газета нем кітаптардың неге қазақша шығарып отырғанымызды байандап, даудың түбін арылтпасақ болмады. Мұнан былай да сөз нәрседен осындай ереуіл сөздер шыға бермес үшін, анықтап ашып, біржолата кесіп айтпасақ болатын емес. Қазақша газета нем кітаптар шығарғанымызға, қазақша оқығанымызға өкпелейтіндер біржолата өкпелеп күдерлерін үзер, өйтпесе қазақ үшін татарша газета нем кітаптар шығару амалын тауып берер, болмаса, қақтықпа сөздерін қойар.

Біздің ойымызша, неге қазақша газета нем кітаптар шығарасыңдар деп өкпелеу, қазаққа неге газета нем кітаптар таратасыңдар деп өкпелеумен бірдей. Қазақша газета нем кітап қажет емес деу керек, қажет болса, ол газета мен кітаптар сады. Жекенің мүддесін көздемейді. Ел мүддесі, халық үдесі үшін жақсы дүниелерді оқырманға жеткізуге жанын салады. Интернет желісіндегі кейбір сайт болсын, әлдекім болсын ел арасына ірікті салған есекшідей күн кешуде. Ештеңенің мәнісіне бармай, байламы басқа дүниені жария ете салады. Сағада отырып тас атуға әбден етімді үйренді ғой. Тисе терекке, тимесе бұтаққа ұра саламыз. Желіде жел қуған қаңбақтай қаңқу дүниені жайып жібереміз. Желеу де сол – сөз бостандығы. Алайда ол ауызға келгенді аталау, ойға келгенді істей салу емес ғой. Әрине, айту керек, жазу керек, сөйлеу керек. Бірақ өзгенің санасын бүлдірмей, қоғамды бұзбай сөйлеген абзал. Отқа күйген жәндіктей быжылдап жарияға жар салу, ақиқаттың астарына үңілмей, қолдағы бар «өсекті» тарату арқылы талайы қоғамды екіге бөліп өлек. Ал журналистер – демократияны жақтаушы.

Ахмет Байтұрсынұлы «Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы» дейді. Біз де осы ұлағатты арқау етіп жүрміз. Келер ұрпаққа мирас етіп қалар дүние ұсынбақпыз. Ол байлық не қазына, мыңғырған мал мен көк қағаз емес. Ол – салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, дін мен діл һәм тіл. Осы жолда журналистер аянбай тер төгіп жүр. Ал елде тарихи тереңде жатқан төл басылымдар бар. Шыққаны бір күндік болғанымен айтары жүз жылдық, тәлімі мың жылдық қоғам дертін тамыршыдай дөп басқан қазақ басылымдары сол жолдан таймапты. Таймайды да!

А.ӘЛІБЕК

да көре алмадық. Қазақ мәселелері үшін газеталарымыздың бір бұрышын бер деп, сұраған қазақтарға да қазақ мәселелері оқушыларымыздың керекті мәселе болмаған соң, керексіз сөзбен газетаның бетін алдырсақ, оқушыларымызға жәбір болады деп, оны да қабыл етпеген. Қабыл етпеулері газетаның бір бұрышын қимағандық емес, газета мәселесі сыймағандықтан. Қазақ үшін өз алдына газета ашпаса, татар газеталарының бір бұрышына сыймайды. Газеталарының бұрышын бер деп сұраушылардың сұраулары білместік, біздің қазақша газета шығаруымыз қыйсық болып, әлде болса, татар бауырларымыздың қазақша-татарша газета шығарамыз десе біз тоқталдық.

Біздің қазақша газета шығаруымызды «бүйректен сирақ шығару» деу де жетіспегендік, қазақ пен татар тілі бүйректен бірігіп тұрғанда, біз келіп газетаны қазақша шығара бастасақ, сонда айтылса, дұрыс болар еді. Бүйректен болып жігі біріккен қазақ пен татарда тіл жоқ. Бұған дейін бірікпеген тіл жігі, мұнан былай да екі қалық тең жасап отырса, бірікпейді. Тең жасамай бір жағы кем жасаса, келесі артық жағынан аударылмақшы, Мақсат қазақ тілін татарша аудару болса, татарлар қазақ жұртының қатар жасамасына тырысу керек. Оны істемей, қатар жасауын тілесе, тіл жігі осы күйінде кете бермекші. Өйткені, қазір жұрттың бәрі тырмысып, ілгері ұмтылып жатыр. Бұл күнде айанбай жатып қалған жұрт, кетіп бара жатқан жұрттардың айағының астанда қалмақ. Қазақ қалқы болып жасаймын десе, ілгері ұмтылып талпынатын кезі осы. Жайғасып жататын бұрынғы кеңшілік заман жоқ. Басқа жұрттың екпіні жатқызып қоймайды. Газета нем кітаптар қалық ойанып ілгері ұмтылуына себепші зат болса, олардың да шығатын кезі осы шақ. Сондай заманда «шай алмасақ қант та жоқ» деп отырған осы күнгі саудагерлер сыйақты. Татарша болмаса, газета да, кітап та жоқ деп татар тілін білмейміз деп қамалып, біз отырсақ, татар үшін ол жағымды болса болар, бірақ қазақ үшін қалай болады? Құрбандық зым тор болмас па?!

Қазақтың татар болуын тілеушілер ертерек ойанарға, ертерек ойларға

керек еді. Көбінесе қазақтың елтірі, сең-сең, 5-10 тын садақасын жый-ууды мақсұт көрген «азғындарынды жібермей, медресе, мектеп ашып, қазақты татарластыру жолында еңбек етерлік идея иесі «адамдарынды» қазақ ішіне жіберіп іс қылу керек еді. Сонда қазақтар бүгінге дейін не татар тіліне ауып болар еді, йа татар әдебиетін түсінерлік адамдары көп болып, қазақша газета шығарудың қажеті болмас еді. Сонда һәм қазақ көзін ашқан біз деп зілденулерің де орындырақ болар еді. Ондай еңбек сіңірмей, қазақты адам қылған біз едік деген сөз байағы «ноғай мен қазақ айтысқан» өлеңдегі сөздерге ұқсайды. Біреуді адамдыққа жеткізу әуелі, өзінде адамдық боларға керек. «Қазақтың» татар матбұғатына еркелерлік қақы жоқ, тиісін айтуға арқылы. Біздіңше баласы ғана ата-анасына еркелейді. «Қазақты» тудырған татар емес, татар тәрбиесінде өскен жұрт та емес, татар әдебиетінен үлгі алған адамдар да емес. Сондай болған соң «еркелеу» деген сөздің қанша орынды-орынсыз айтылғанын айыру қиын да емес.

Қысқасы, басқалар қалай ойласа, олай ойласын. Қалай сөйлесе, олай сөйлесін. Татар тілін қабыл етпесен, саған газета да, кітап та жоқ деп қазақты бір жарға қамай алмаймыз. Олай саудаласуға уақыт тар. Барымызды «ал» деп алдына салып, жалынып, тезірек алғанына Алла разы болсын айтып, тапқанымызды бере беру. Біздің бұлай істеуіміз басқалардан бөліну үшін емес, амалсыз «барымен базарлау». Мұны басқаша түсінетіндер болса, татар тілінде қазаққа газета нем кітаптар шығарып, қазақ ішіне таратып, міне деп, бізге жол көрсетсін. Өйтпесе, арзан пәлсапа алысқа апара алмас.

Біздің әуелден-ақ айтып келе жатқанымыз, қатар жүріп, аптықпай екі жұрттың да тең жасап, көркейіуіне қолдан келгенін істеу. Татар балаларын татарша оқытқанына қазақ іші тарылмай, қазақ балаларын қазақша оқытқанына татар іші тарылмай, көңіліміз кең болып, жасауымыз тең болса, бетіміз де жөн болар. Оны азынсаңыздар өздерің білесіңдер. Қайырлы сапар болсын дейміз!

1916 жыл.

«Қазақтың» 162-ші нөмірінде басылған «Медресе Ғалиа» шәкірттерінің хаты туралы әріптестеріміз «Уақыт» газетасының бетінде түрлі сөздер айтып өтті. Бұл сыйақты сөздер газета жүзінде болғанымен, ауыз айтылуы «Қазақ» газетасы шыққаннан бері бар еді. Енді ғана газета жүзінде шығып отыр. «Бүйректен сирақ шығарған» сыйақты – татардан бөлек өз алдарына әдебиет түзейін деп жүрсіңдер деп, газета шыққаннан бері ноғай бауырларымыздың «білімдімін» дегендерінің көбіақ айтып келеді. Ана жылы Упаға бардым. Онда да осы сөз алдымнан шықты. Былтыр Садрі өлеңде Мақсұдовты көрдім.

Ол да көргеннен сөзін осыдан бастады. «Уақыт» бетінде болған ереуіл сөздер, бұ да сонан шығып отыр. Өйтпесе, қазақ баласын қазақша оқыту керек деген сөзден дау шықпасақ тиіс еді.

Олай дейтінім «Қазақ» балаларын бастауыш мектепте ана тілінде оқыту керек деген сөз «Қазақ» бетінде сөйленіп отырғаны жалғыз бұл емес еді, ауылнай ышқолдар туралы да талай айтылып еді. Әуелі, қазақша оқу деген сөз «Қазақ» газетасының бетінде шығып отырғанда даулы болатын орны жоқ. «Қазақ» қазақша шығып отырып, қазақша оқу керек десе, ол онша қалыптан тысқары сорақы көрінерлік нәрсе емес еді. Екінші, басқа газеталар жүзінде бола қалса да, дау шығаратын орны тағы жоқ еді. Өйткені, бастауыш мектепте балалар ана тілінде оқуы тиістілігі, миссионерлер болмаса, басқалар таласпайтын ақиқат еді. Үшінші, шәкірттердің хаты татар мұғалімдеріне емес, қазақ мұғалімдеріне жазылған ат еді. Олай болса, ноғай бауырларымыздың шиканының аузын жұлып алғандай онда еш нәрсе жоқ еді. Төртінші, татар мұғалімдері туралы айтыла қойғанда да ана тілінде оқудың артықшылғы мұғалімдер үшін неге құрбан етілмейді деп өкпелеуге орын жоқ еді. Өйткені, қалық мұғалімдер үшін қалық болып отырған жоқ, мұғалімдер қалық үшін мұғалім болып отыр еді. Даудың асыл түбі шәкірттердің қатында емес, қазақша газета нем кітаптар шығып отырғанында. Қазақша кітаптар һәм газета шықпаса, шәкірттер балаларды қазақша оқыту керек деп та айтпас еді. Сөз түбі бізге тірелетін болған

СЫН ҒӘМ ШЫН

Ана жерден бір, мына жерден бір тұтпектеп шығатындар ұйыған елді ашытуға бейім. Басына «тәжі» киіп ап менменсігендер мен желіде ишенсігендер, «көпті көріп» көсемсігендер көп. Әрине, жеке пайдасы үшін. Ал қазіргі журналистің миссиясы қандай?

Жаһанданған дәуір. Құбылмалы әлем. Шалыс басуға болмайды. Құбылаңды құбылатын уақытта араны ауқымдылар әлсіздікті көтермейді. Қауқарсыз болсаң, жұтып қоюға даяр. Талайға ар мен абырой, ұят пен намыс қажет емес. Өзің үшін қара күшiңді салмасаң, ешкім де емессің. Өйткені заман сондай. Есігіңнің тұтқасы осал болды делік. Өзгенің таңсығы есікті ұрмай кіреді. Дәстүрiң дәріптелмей, тілің тілім болып, ділің мен дінің дүбәра күй кешеді. Бір жынысты махаббат, теңесе алмаған тендік, педофилизм, ажырасу секілді дерттер дендеуі мүмкін. Қысқасы, анталаған мың қатер есігіңнен оңай енуі мүмкін. Сондайда жөн сйлтейтін жазарман қауым.

Қазір журналистерге артылар сын көп. Сынның басы – сын жазбау. Қоғамның ойы жаңа дәуірмен қалыптасса да әркім сынды әркілі қабылдайды. Әрине, сын – жұмыс жүйелігін реттей алады. Дей тұра сынды көрінгенге көздейтін

VII ШАҚЫРЫЛҒАН ЕСКЕЛДІ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14, 44, 45, 46, 111-1, 112-баптарына сәйкес Ескелді аудандық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. VII шақырылған Ескелді аудандық мәслихат депутаты тіркелсін:
 - 1) «AMANAT» партиясының партиялық тізімі бойынша:
 1. Құрманғалиев Айдын Талғатұлы
 2. Тіркелген Ескелді аудандық мәслихатының депутатына куәлік және омырау тағатын белгісі тапсырылсын.
 3. Жетінші шақырылған Ескелді аудандық мәслихат депутаттың тіркеу туралы қоса беріліп отырған хабар бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.
- Ескелді аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Р.А.Жексенбеков
- Ескелді аудандық сайлау комиссиясының хатшысы Г.Р.Қыдырманова

ВНИМАНИЕ!

Редакция қызметкерлерінің кезекті демалысқа шығуына байланысты шілде айының 1, 15 және 29 күндері шығады.

«Жетісу шұғыласы» газетінің редакциясы ***

В связи с выходом сотрудников редакции в отпуск в июле месяце газета выйдет 1, 15 и 29 июля.

Редакция газеты «Жетісу шұғыласы»

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

Открылось наследственное дело на имя Жумабаевой Жанаткул, умершей 24.04.2022 года. Наследников просим обратиться к нотариусу с. Карабулак. Р.тел.: 3-00-99

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Жаханмет Мырзахметұлы ИСАБАЕВ. Директордың телефоны 3-04-75 Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Дәуір» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспаханың мекен-жайы: 050044, Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй.

Газет мекенжайы: индекс 040500 Карабулак ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 3050 Тираж 3050 Тапсырыс 1063 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Е.ТКАЧЕНКО.